Without any doubt, corruption has long been one of the most complex and important problems of mankind as throughout the development of the civilization and the state apparatus was accompanied by activities throughout this negative social phenomenon. In addition, each socio-political and economic system now produces its own varieties of manifestations of corruption, violating the normal functioning of public authorities and creating additional obstacles to the emergence and development of legal public relations. As a result, corruption could not be completely eradicated even in any society neither in developed democracies nor in countries experiencing complex transients.

MAIN PART

In the modern world, corruption raises serious problems and threats to security and stability in the functioning of any society. This social phenomenon, taking a variety of outlines – from bribery to abuse of power – discredits the democratic

and social institutions and values, violates the ethical, moral and legal norms and damage the rule of law and national security of any state.

Moreover, corruption is a transnational phenomenon that has significant negative impact on society and the economy of many countries. Therefore, the fight against it and the prevention of corruption offenses are the responsibility of every modern legal state and civil society.

There is the problem to be solved – the study of the international trends in the fight against corruption in the Anti-Corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan developed for 2015-2025 [1]. In this connection, it is advisable to consider a number of examples relating to the prevention of corruption practices in the public service in different countries based on the rating (and the number of points) in the ranking of the annual Corruption Perceptions Index (hereinafter – CPI) held by the international organization Transparency International [2].

Of course, the special interest of the state that have reached significant success in the fight against corruption and as the borrowing of positive foreign experience in the form of effective anti-corruption programs can help create real action mechanism of counteraction of corruption in our country.

Consider the experience of combating corruption on the example of European countries.

Netherlands [CPI (2014) – 8.3 (8th place among 174 states)]. According to the experts in the Netherlands this kind of corruption is on petty corruption level (when officials take bribes from citizens) virtually eliminated.

This is due to the fact that in the public consciousness is cultivated commands respect to the officials as a person who performs an important function - holds the state policy and serves the people. Therefore the main task is to preserve loyalty to the state, rather than a specific person.

All the fight against corruption in this country is based on the desire of the state and civil society to minimize or eliminate the conditions that create an incentive and opportunity to the declination of the person to commit corrupt acts through the following measures:

1. Permanent reporting system and transparency in matters of detection of corruption and to discuss the implications, i. e. the penalties for acts of corruption. The Minister of Internal Affairs of the country submit a report to the Parliament on the detected cases of corruption and the measures taken to punish those involved in corruption annually.

2. Development of monitoring system for the activities of state and public organizations where the possibility of corrupt practices are and the strict control over the activities of employees of these bodies.

3. Establishment of a system of rights and duties of officials with their responsibilities for the violation of official ethics, including corruption. This system also includes the norms to remedy the violations.

4. The main measure of punishment for corrupt practices is the prohibition to work in state institutions and the loss of all social benefits provided by the public service (eg. pension and social services). The scale of punishments includes fines and suspension from duty.

5. There are internal security services that are required to register and identify the officials mistakes, the intentional or accidental violation of existing rules and the relevant consequences of such violations at all relevant organizations, in particular the ministries. Government organizations tend to promote positive actions of officials such incentive system aims to ensure that the officer was profitable in material and moral terms, to behave honestly.

6. There was developed a system of selection of persons to be dangerous in terms of corruption.

7. All materials related to corrupt practices, if they do not affect the national security system, compulsory made available to the public.

8. Each official has the right to read the information, characterizing his positive and negative features.

9. There was developed a special system of training of officials, explaining, in particular, political, social harm of corruption and the possible consequences of participation in it.

10. There was created national security system to combat corruption with considerable powers to identify cases of corruption.

11. Officials at all levels are required to register cases of corruption known to them: this kind of information is transmitted through the appropriate channels to the Ministry of Internal Affairs and Justice.

12. An important role in the fight against corruption play a media that publicize cases of corruption and often conduct independent investigations [3, p.106].

United Kingdom [CPI (2014) – 7.8 (14th place among 174 countries)]. There is a section regulating the relationships of public servants to the private sector stipulating the rules of conduct at the conclusion of government contracts with private companies in the English rules of conduct for public employees.

If an employee is dealing with the company which is seeking government contracts, it is prohibited to buy the goods and use the services of this company on favorable terms, to make proposals for the «provision of it in various forms of hospitality», except invitations to the usual protocol but under the condition that it presence at these events will contribute to the activities of his institution.

According to the rules adopted in the UK, all the gifts offered by the employee in connection with the performance of official duties – must be rejected. An exception is made for Christmas gifts, if they «are calendars, notebooks, stationery items, appliances modest value and are currently on the name or mark of the company that makes it possible to consider them as promotional materials».

Public employee may leave a present from the foreign representative only with the permission of the head of department so as not to seem impolite.

There is a practice of control over an official investigation of the facts and unworthy of unlawful conduct of police officers in the UK. The Home Office system operating management of complaints against the police whose members are not employees of the police, in fact, they generally are not lawyers but are appointed to the posts in the Minister of the Interior Affairs among the most authoritative and respected people in the country.

This kind of council of elder supervises for the study of complaints against the police so that these kinds of cases were dealt objectively and in good faith.

The effectiveness of this form of social control is that many police officers prefer to retire early if the prospect to be the subject to such proceedings are [4].

France [CPI (2014) – 6.9 (26th place among 174 countries)]. Recently there was marked the tendency to appoint former senior government officials in responsible positions in private and public companies in France. There are various offenses, for example in the form of creation of favorable conditions for the company or bank planning to go to work after his retirement state functionary. In 1995, the French Government has decided to set up on the ethics of public service to the Commission which aims to assess the compatibility of the future work of the government official with its functions in the public service, to avoid favoritism.

Another traditionally corrupt sphere in France is co-operation between the state and private enterprises in the implementation of various projects on a contract basis and the contractor. Adopted in January of 1993 the Sapin law provides mandatory participation in the review and approval of contracts for the representative of public service of the opposition and the General Directorate for Competition and consumption [5].

Germany [CPI (2014) – 7.9 (12th place among 174 countries)]. In July 1995, the Berlin Senate decided to establish the Interagency Working Group directed to the fight against corruption. The group gathered leading experts from all departments and agencies of Berlin dealing with this issue. Besides specialists of the Public Prosecutor of Berlin and the Land Office of Criminal Investigation include representatives of internal audit service under the Department of Internal Affairs of the Senate, as well as members of the cartel control, the Senate Department of Finance and Housing, agents investigations of tax evasion.

The objectives of the working group are: clarification of areas favorable for corruption, identification areas of combating corruption, the collection of information about corruption from a variety of sources. Group prepares and publishes guidelines for the fight against this phenomenon. One of the important tasks of the group is - the creation of the Central Office for the fight against corruption and its prevention. According to the plan of the Berlin Working Group on Combating corruption, every citizen has the opportunity to appeal to the Central Department, to report any facts that may be associated with corruption and find out what further steps will be taken.

Germany implemented the principle of «four eyes» according to it the official communication with the visitor in the room should be at least another two people. In a way – witnesses [3].

Italy [CPI (2014) – 4.3 (69th place among 174 countries)]. According to the Italian law the persons engaged in bribery of public officials bear the same responsibility as the corrupt, however, if an individual gives a reward for already committed action, it is not subject to criminal liability. Especially there is stipulated responsibility for a failed incitement to bribery.

The country carried out various kinds of anti-corruption operations. Within five years, the company «Clean Hands» which began its activity in 1992, the Milan prosecutor's office and directed against the corruption in the higher echelons of power, carried out consecutively. As a result of an operation there had been arrested dozens of the largest and hundreds of smaller pieces of Italian politics and the economy. Coordinator of this action Gerardo de Ambrosio is convinced that this work was not in vain, if only because that «today, the Italians began to treat corruption as a crime, and earlier treated as a norm of life» [4].

CONCLUSION

Consider the most «friendly» against corruption European countries we can say that they are all democratic and legal state, where petty corruption level is practically excluded. In the public mind is cultivated command of the respect to the officials as a person carrying the important task – conducting state policy and people service.

REFERENCES

1 Decree of the President of the Republic of Kazakhstan about the Anti-Corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan for 2015-2025 dated December 26, 2014 № 986 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U140000986>

2 Corruption in the world and the international strategy to combat it / edited by Nomokonova V. A. – Vladivostok, 2004. – 200 p.

3 **Grib, V. G., Oks, L. E.** Corruption prevention: Textbook/ V. G. Grib, L. E. Oks. – М. : Moscow Financial-Industrial Academy, 2011. – 192 p.

4 **Godunov, I. V.** Fundamentals of combating corruption: the textbook / introd. article Nikandrov N. D. – Moscow : Russian Academy of Education, University of the Russian Academy of Education, Research Institute of combating organized crime, 2012. – 302 p.

М. Н. Абдыкаликова, Ж. Ж. Давлетбаева

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: Еуропа елдерінің тәжірибесі
Қазақстан Республикасы Президенті
жанындағы басқару Академиясы, Астана қ.
Материал баспаға 14.06.16 түсті.

М. Н. Абдыкаликова, Ж. Ж. Давлетбаева

Противодействие коррупции: опыт европейских стран
Академии государственного управления
при Президенте Республики Казахстан, г. Астана.
материал поступил в редакцию 14.06.16.

Мақалада Transparency International халықаралық ұйымы жүргізетін жыл сайынғы Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің рейтингіндегі орны және балл санына қарай, әртүрлі мемлекеттердің мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәжірибелеріне шолу жасалынды.

В статье представлен опыт противодействия коррупции в системе государственной службы в европейских государствах, с учетом рейтинга ежегодного Индекса Восприятия Коррупции, проводимого международной организацией Transparency International.

ӘОЖ 811.531

Ф. Ж. Борантаева

магистр, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқытушысы, Алматы қ.
e-mail: farizka_b@mail.ru

КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЯСИ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ КОНФУЦИАНДЫҚТЫҢ РӨЛІ

Мақалада корей халқының мемлекеттік идеология статусына ие болған конфуций ілімінің билік жүйесі мен басқаруда орны әлсірегенімен гасырлар бойы қалыптасқан корей халқының менталитеті мен саяси мәдениетінің қазіргі таңдағы көрінісі мәселесі қозғалады. Корея Республикасының саяси ұстанымдар мен приоритеттер ерекшеліктерін тануға жол ашатын жан-жақты ұлттық модернизация кезеңіндегі және қазіргі өзгермелі әлемдегі Корея елінің іс жүргізу стилінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктері, құндылықтықтары қарастырылады.

Кілтті сөздер: кәрістердің ой-санасы, конфуциандық саяси мәдениет, саяси дәстүр, саяси құндылықтар, саяси модернизация.

Кореяның геосаяси, ұлттық және тарихи ерекшеліктері Корея түбегінде мемлекеттік идеология статусына ие болған конфуциандық саяси дәстүрге жататындығының көрінісі. Корея жерінде ресми түрде бес жүз жылдай үстем еткен конфуциандық корей қоғамының дамуына өз әсерін тигізбей қоймады. Конфуциандық нормалар қоғамдық және тұлға арасындағы қарым-қатынасты, саяси мәдениетті, мемлекеттік биліктің ерекшеліктерін анықтады. Конфуциандық дәстүр негізінде мемлекетке ерекше мән берген: мемлекеттің елді қорғауға, әлеуметтік және саяси қарым-қатынас орнатудағы оптималды формаларды құруға бағытталған орталықтанған және ұйымдастырушы күшке ие функциясы бар. Егер батыстық либералды модельде мемлекет қоғам мүддесіне қызмет етеді деп танылса, корей ұлттық психологиясының тұрғысынан, мықты әрі нәтижелі механизм құру мақсатында билікке қызмет ету қоғамның және әрбір азаматтың алдындағы парызы деп біледі.

Қазіргі Корея Республикасында саяси дәстүр және саяси мәдениет конфуциандықтың мұрасын максималды түрде сақтап тұр. «Саяси мәдениет» саяси сферадағы жеке индивидтің бағдары, бақылау дағдысы, саяси мінез-құлқына әсер етеді. Америкалық ғалымдар Г. Алмонд пен С. Верба

мағынасын дамытқан «Саяси мәдениет» термині бүгінде кең қолданысқа түсуде. Саяси мәдениет құрылымы - ең алдымен қоғамның саяси өмірінің әртүрлі жақтарын бейнелейтін әдеттегі қалыптасқан түсініктер жатады. Корея Республикасының саяси ұстанымдар мен приоритеттер ерекшеліктерін тануға жол ашатын саяси жүйе мен оның институттары, саяси тәртіп, билік тетіктері мен басқару, т.б. арқылы жан-жақты радикалды ұлттық модернизация кезеңіндегі және қазіргі өзгермелі әлемдегі Корея елінің іс жүргізу стилінің жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін, құндылықтық қырын, түрлі бағыттың ғылыми түсінігін ашу өзекті болып табылады [1].

Корей қоғамының санасында мемлекет әлі күнге дейін ерекше орын алады. Конфуций дәстүрі бойынша қоғам мен мемлекет патриархалды отбасымен теңестірілді. Бұл дегеніміз – әкесі анасынан жоғары, ата-ана ұлдарынан жоғары, ал ұлдары қыздарынан жоғары тұрды. Қоғам және мемлекет иерархияланған пирамида ретінде қаралып, әлеуметтік статусы тең екі бірдей тұлға болуы мүмкін емес деген тұжырымды алға тартады. Бұл тұжырым Қиыр Шығыс елдерінде, соның ішінде зерттеп отырған Корея Республикасында қазіргі таңда да сақталып отыр. Эссеист және әлеуметтанушы Ли Кю Тхэ көрістердің ой-санасын жазылған кітабында: «Сатылылық – көрістердің өмір сүру әдісі, ал сатылылық құрылымынан шығу олар үшін корей қоғамынан шығумен, бөлектенумен парапар», – деп баға берді [2]. Екі көріс кездескен кезде, олардың ең алдымен білгісі келетіні бұл – сұхбаттанушы жақтың сатылылықтың қай сатысында және ондағы орнын білуге тырысатынын байқауға болады. Көрістер жаңа танысынан оның жұмыс орны, жасы, отбасылық жағдайы (тұрмыс құрғаны, құрмағаны) жайында сұрастыра бастайды. Осы сұрақтардың жауабын біле отырып, қайсысының үлкен, қайсысының кіші (үлкен-кіші деген тек жас мөлшеріне ғана байланысты емес, сондай-ақ жұмыстағы лауазымы немесе жолына байланысты болып келеді) екенін аңғарады. Сәйкесінше, сұхбаттанушымен қалай сөйлесу керектігіне, бір-бірімен қандай қарым-қатынас орнату керектігіне үлкен мән беріп, назар аударады. Сөйлеу мәнерінде көрістер сыпайы және анайы формасын қолданады, сондай-ақ түрлі жесттерді қолдануы, өзімен жасты немесе лауазымы бірдей адаммен басын иіп амандасуы, өздерінен жоғары тұрған адамға денесімен иіліп сәлемдесуінің барлығы да конфуциандықтан бастау алады. Және бұл әдет-ғұрыптарын балаға кішкентай кезінен үйде де, мектеп қабырғасында да үйретеді, мағынасын түсіндіреді.

Сатылылықтың қазіргі корей қоғамының өміріне әсерін біржақты қарастыруға болмайды. Конфуциандық сатылылық корейлік «экономикалық ғажайыптың» орнауына үлкен үлесін қосты. Жұмыс күшінің тәртіпке

бағынғандығы, көрістердің тапсырылған істі, берілген тапсырмаларды үлкенге деген сыйластықпен, өзінен жоғары адамның бұйрығын жауапкершілікпен орындауының нәтижесінде саяси тұрақтылыққа және жоғары өндірістік тәртіпке қол жеткізе алды. Бұл жағдайды екінші қырынан қарастырсақ, сатылылық ұғымының дамығаны соншалық шығармашылық ой-санасын жетілдіруге кедергі келтіреді. Осы мәселе бойынша Ли Кю Тхэ былай дейді: «Батыстағы жемісті семинарлар секілді Кореяда нағыз академиялық пікірталастар болуы мүмкін емес деген пікірлер бар. Оқытушылар мен студенттер және бұрындық бітірген студенттер қатысатын бұндай жиындарда студенттер өздерінің оқытушыларына немесе өздерінен үлкен әріптестерінің пікіріне күмән келтіруге болмайтындығымен түсіндіріледі» [2].

Сонымен, көрістер өзара қарым-қатынас орнатудың формасын түсіну үшін сатылылықтың мынадай критерийлері қарастырылады. Сатылылықтың алғашқы критерийі жас ерекшелігі болып саналады. Екіншісі – жыныстық айырмашылық. Демек, қыз баласы ер адамнан төменгі сатыда. Алайда қазіргі таңда корей қоғамында бұл сатыға байланысты пікірлер біршама өзгергені анық байқалады. Сатылылықтың келесісі – білім деңгейі, одан кейін қызметі түр.

Конфуциандық ұстанымдардың әсері мен қоғам өміріндегі түрлі салаларындағы орны саяси модернизация дамуына байланысты өзгеріп отырады. Корейліктердің ұлттық ой-санасында конфуций дәстүріндегі сый-құрметтің материалдық игіліктерден жоғары тұруы мықтап сақталынған. Көрістер қоғамдық статусын көтеру үшін қомақты қаражат жұмсауға да әзір. Көріс профессорларының көп бөлігі мүмкіндік туа қалса, жалақысы бұрынғы істеген жердегіден 25-30 пайызға азырақ болса да жеке меншік университеттерден мемлекеттік университеттерге ауысуға тырысады. Ал жеке меншік фирмаларда өнімді жұмыс істейтін қызметшілер шінеуніктік лауазым алу үшін емтихандарға көп күш жұмсайды. Бұл жағдайда да жоғары жалақыдан бас тартып жалақысы аз болса да сый-құрметті мемлекеттік қызметке орналасуға тырысады. Конфуциандық қоғамда ғалымдар мен мемлекеттік қызметкерлер қауымның алғашқы сатысында болса, саудагерлер төртінші сатыда. Қазіргі кезде ғалымдар мен мемлекеттік қызметкерлердің орнын профессорлар мен шінеуніктер, ал саудагерлердің орнын бизнесмендер басты .

Оңтүстік Кореядағы саяси мәдениет жаңа әлеуметтік-саяси жағдайларға өз әсерін тигізуде. Оңтүстік Кореяның конфуциандық саяси мәдениеттің жаңа саяси-әлеуметтік жағдайымен санасуына тура келеді, өйткені ол қандай да бір деңгейде жаңарудың бір белгісі ретінде қалыптасуда. Өзінің

тұрақтылығына қарамастан, конфуциандық мәдени-тарихи дәстүр ақырындап болса да өзінің қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы атқарар функцияларын алмастырып отырады; алдымен әлеуметтік-экономикалық, одан соң XX ғасырдың екінші жартысында жаңа заманның кәсіби, квалификациялық және білім беру талаптарына сай, мемлекеттік бюрократияның жоғарғы және орта звеноларының саяси модернизациялауды жүргізуін жеңілдетті. Жетістіктері ұлттық модернизациялаумен байланысты болған Оңтүстік Кореяның іскер және білікті билігі экономикалық және саяси саладағы дамудың күрделілігін түсіне білді. Басқаша айтқанда, сапалы әрі жаңа сипаттағы конфуциандық дәстүр Оңтүстік Кореяның мемлекет тағдырына жауапкершілікті қолға алған бюрократиялық элитасын қалыптастырды.

Егер жаңа демократиялық модельдің орнығуын саяси модернизацияның астарында деп түсінсек, онда біз әңгімені либералдықтың күнделікті өмірге енуі жайында ғана емес, осының салдарынан пайда болған азаматтық қоғамның орнауына, яғни әртүрлі салаларға бағытталған (саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени және т.б.) және ең негізгісі – мемлекетке қатысты автономдық болуы.

Үшінші әлем елдерінде модернизация ұзағырақ дамыды: айырмашылықтар тек қана жүз жылдықтарға созылған уақыт мерзіміне ғана емес, сонымен қатар, аздаған мөлшерде болса да батыстық емес қоғамдағы қабылдануына да қатысты еді. Мұндай жағдайда алдыңғы жоспарға саяси еркіндік факторы шығатыны аян, яғни идеялар дамуының кепілдігі ретінде мемлекеттік-саяси механизмнің рөлі артады. Әлеумет арасында модернизациялауда кешіккен мемлекеттер тобы қалыптасады. Олар XX ғасырдың басы мен ортасында осы жолға түскендер. Қазіргі уақытта бұл дамушы немесе индустриялы мемлекеттер Латын Америкасы, Африка және Азияның біраз елдері. Модернизация бұл елдерде аса мамыражай күйде дамуда.

Біріншіден, үшінші әлем елдері үшін бұл көтерілген үдерістің негізі капиталистік құрылым емес, патриархалдық (ислам әлемі) және мемлекеттік-қауымдық (конфуциандық қоғам) құрылымдарды қамтиды. Олардың еуропа әлемінен өзгешелігі мәдени және өркениетті ерекшеліктері мен экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан кенжелеп қалуы.

Екіншіден, модернизациялаудың ішкі алғышарттары аз сипат алған және модернизациялық күштерді консолидациялаудың күрделілігі туралы қоғамдық пікірдің қалыптаспауы.

Үшіншіден, бұл мемлекеттердегі модернизациялау жолына қарай жасаған қадамдарының және олардың жекелеген айырмашылықтарының негізінде тізімнің соңында тұратындары мен көшбасшылыққа жеткендері де болды.

XX ғасырдың I жартысында көшбасшылыққа жеткендердің бірі – Латын Америкасы болды, бірақ кешегі көшбасшы болғандар, модернизациялық үдерістерді тежеп ұстап екінші позицияда жүрді. Модернизациялық үдерістерде көшбасшы ретінде 1970-1980 жылдар аралығында өзгеріске түскен әлемдік экономикалық құрылымға жылдам икемделген және индустриялық әлемге барынша жақындаған Шығыс және Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттері кірді.

Жоғарыда модернизациялауға мемлекеттің барлық салаларына қатысты: экономикалық, әлеуметтік, саяси-құқықтық және мәдени қатыстылығы айтылады.

Экономикалық модернизация нарықтық шаруашылыққа негізделген алдыңғы қатардағы технологиялар сияқты өмірге ғылыми-техникалық үдерісті енгізу негізінде пайда болады. Мұндай шаралар үшінші эшелон мемлекеттерінің еңбек өнімділігін арттыруына, өнеркәсіптендіруге кірісуне, коммуникациялық-транспорттық инфрақұрылымды құрылуына мүмкіндік туғызады. Басқаша айтқанда, ұлттың әлемдік-экономикалық құрылымға белсене атсалысып, нәтижелі еңбектенуін қамтамасыз ететін экономикалық модернизация жаңа заманға сай шаруашылық комплексін құруға бағытталған. Әлеуметтік модернизация жалпы білім беру мен медициналық құрылым және әлеуметтік қамсыздандыруды көздейді. Ол мобильдік, дифференциялық және урбанизациялық қоғам құрылуының өсуіне алғышарттар жасай отырып, ұлттың орта тап өкілдерін анықтап, оны ұлттың әлеуметтік негізі ретінде күшейтуге ықпал етеді. Мәдени модернизация бағалы ұстанымдар мен бағдарларды өзіне тарта отырып, еуропалық емес әлемнің дәстүрлі корпоративтік құрылымынан жеке тұлға шығаруды көздейді. Дегенмен, модернизациясы кешеуілдетіп енген мемлекеттерде негізгі фактор ретінде – саяси фактор тұрады, барлық үдерістердің алғы шебінде саяси модернизация.

Оңтүстік Корей қоғамының демократиялық және дәстүрлі құндылықтары.

Конфуциандық әлемдегі демократия – тарихи феномен. Мұны көптеген зерттеуші шығыстанушылар мен демократия теоретиктері мойындаған. Негізгі мәселе ретінде, Қиыр Шығыс мемлекеттеріндегі либералдық түсініктегі демократиялық нормалар қаншалықты орныққанын келтіруге болады. Онда конфуциандық типтегі саяси мәдениетке батыстық дәстүр қаншалықты сәйкес келетіндігі айтылады. Оңтүстік Кореяда институциялық негіз бен демократиялық режим соғыстан кейінгі кезеңде американдық оккупациялық биліктің күшімен қаланды. Олар конституциялық демократияның құқықтық базасының құрылуына әсер етті. Сонымен қатар, Кореяда қағаз жүзінде болса да саяси құқықты, либералдық еркіндікті және

құқықтық мемлекет нормаларын сақтаған заңдық негіздер болғанын айта кету керек.

Ондаған жылдар бойы, шамамен 1990 жылдардың басына дейін іс жүзінде жергілікті басқару механизмі болған жоқ. Оңтүстік Корея мемлекеті 1948 жылдың өзінде-ақ, адам құқығын қорғау жөніндегі ұстанымын мәлімдеген еді, бірақ мемлекеттің бұдан кейінгі жалпылау репрессиялау, өлім жітімге ұшырату, саяси қуғандау сияқты тарихи оқиғалардың болғаны белгілі. Шынайы құқық қорғаушы нормаларға оралу тек 1980 жылдардың екінші жартысында ғана іске асты. Оның үстіне қазіргі уақытта мемлекет өзінің азаматтарымен арадағы қарым-қатынасын либералдық нормалар негізінде, яғни олардың құқықтары мен еріктерін сот арқылы қорғайтындықтарына кепілдік беруде. Заң алдындағы жалпыға ортақ теңдік принципімен қамтамасыз етілген.

Осы айтылғандарды сараптай отырып, саяси модернизациялау үдерісінің жарты ғасырлық даму мерзімі ішінде, бүгінгі күні Оңтүстік Кореяда мықты құқықтық саяси демократияның негізі қаланды. Корей қоғамы іс жүзінде жаңа демократиялық құндылықтарға толық сәйкес келіп тұр. Ал енді саяси мәдениет пен либералдық құндылықтарды жалпылама түсінуге келгенде, мәселе басқа қырына аударылып түседі. Саяси мәдениеттің дамуы әлі күнге дейін қоғамдық және жеке көзқарастардың сәйкестігі сияқты деңгейлерді қамти алмады. Жергілікті саяси модернизациялануды кәсіби дамыту ісі қалыптасқан жағдайдағы конфуциандық саяси мәдениеттің базалық ерекшеліктерінің сақталуымен байланысты болды:

- дәстүрлі ұлттық негіздегі авторитаризмнің құрылуы;
- парламентаризмнің мүшелік формасын қалыптастырудың күрделілігі;
- қоғамдық консенсусқа қол жеткізу арқылы, шешім қабылдаудың дәстүрлі үлгісін сақтап қалу, сонымен қатар, азшылықтың жағдайын қиындата түсетін демократиялық процедуралардың көзге ұрып тұратын корпоративтік белгілері;
- О бастан-ақ, жеке еркіндік пен қоғамдық көзқарастар туралы ойларға сәйкес, келмейтін ерекше дүниетаным мен ұлттық рухты қалыптастыру [3].

Демократияның табиғатын әртүрлі мәдени ортадағы халықтық билік ретінде дұрыс қабылдамау да сүріне беруге себеп болды. Кез-келген мемлекеттің халықтық билігі халықтың жоғарғы билікті мойындауында. Әртүрлі мәдени бірлестіктер халықтың билікті басқару дегенді әртүрлі түсіндіреді. Конфуциандық дәстүр бойынша, халықтық билік принципі халықтың басқаруы емес, билік халық үшін және халықтың атынан әрекет етуі деп қабылданады. Халықтық билік Батыс әлемінде саяси үдерістерге тікелей қатысу мүмкіншілігі ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі қоғамда

шынайы әрекеттерге де бару дегенді білдіреді. Оңтүстік Кореядағы саяси модернизация ұзақ эволюциялық жолмен дамып келеді және өзінің «өтпелілік» белгілерін сақтаудағы ерекшеліктердің негізгілеріне тоқталайық:

- демократиялық үдерістерді Кореяның дәстүрлі қоғамыжағдайында дамыту;
- XX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік-экономикалық және саяси дамудың қайшылықтары;
- авторитарлық режим кезеңінде мемлекеттің саяси құрылымының жабықтығын сақтау;
- XX ғасырдың екінші жартысында Корей түбегі мен Қиыр Шығыс аймағында геосаяси жағдайлардың күрделенуі;
- тұрғындардың басым бөлігін езіп отырған саяси мәдениет пен әлеуметтік-саяси күш алудың жалпыға жетіспеушілігі;

Оңтүстік Кореядағы Демократизациялау үдерісінің ерекшеліктеріне берілген бұл сараптама толыққанды шығарылды деуге келмейді.

Демократия теориясы дәстүрлі саяси мәдениет тұрғысынан. Шығыстағы мемлекеттердің саяси құрылымы мен саяси мәдениеті дәстүрлі нормалар мен негіздерді сақтап қалған. Модернизация мен демократизация перспективалары екі мәдени дәстүрдің елегінен өтуге тікелей бағынышты. Бұл үдерістің өзіндік ерекшелігі, кейбір авторлардың «ұлттық» түсініктерін кең қолдануына жол береді.

Бүгінде АТА мемлекеттер саяси бағдары ретінде плюрализм мен еркін нарықтық құрылымды ерікті түрде таңдады. Мұның өзінде Батыс пен Шығыс құндылықтарының ұқсастықтары байқалады. Дәстүрлі мәдениет тұрғысынан, батыстық демократиялық теорияның тартымды компоненті ретінде жеке адамның құқығы мен еркіндігі емес, керісінше корпоративтік негізде келісілгендей, билікті трансформациялауды жүзеге асыру мүмкіндігі, өз көшбасшыларын бейбіт және құқықтық жолмен ауыстыру қарастырылды. Сондықтан, кейбір корей зерттеушілерінің пайымдауынша, Азия мемлекеттері демократияның түрлі модельдері мен формаларын, өздерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне сәйкестендіре отырып қолдануға құқылы екен. Дегенмен, «олар кез-келген батыстық мемлекетпен салыстырғанда демократияшылдығы еш кем емес» деген тұжырым бар. Конфуциандық дәстүр бойынша корей қоғамының құндылықтарының бірнеше комплексі:

- Кез-келген мәселелерге және іс жүзіндегі шығарған шешімдер консенсусына корпоративтік тұрғыдан келу;
- Билікке деген дәстүрлі сыйластық қарым-қатынас;
- Қоғамдағы тәртіп пен гармонияны сақтауға күш салу;
- Отбасы рөлінің маңыздылығы және өзге де әлеуметтік бірлестіктер;

- төзімділік сақтай білу және үлкендерге құрмет;
- өзіндік тәртіп және ұжым үшін өз жеке басының мүддесінен бас тарту;
- білімнің маңыздылығы; [4].

Қиыр Шығыс мәдениетінде негізгі әлеуметтік-экономикалық факторы ретінде феодалдық дәуір мен жаңа тарихындағы ерекшелігі ұжымдық приоритеттің жеке бастан басым тұруы болды. Оңтүстік Кореядағы саяси мәдениет жаңа әлеуметтік-саяси жағдайларға өз әсерін тигізуде. Оңтүстік Кореяның конфуциандық саяси мәдениеттің жаңа саяси-әлеуметтік жағдайымен санасуына тура келеді, өйткені ол қандай да бір деңгейде жаңарудың бір белгісі ретінде қалыптасуда. Өзінің тұрақтылығына қарамастан, конфуциандық мәдени-тарихи дәстүр ақырындап болса да өзінің қоғамдық өмірдің әртүрлі саласындағы атқарар функцияларын алмастырып отырады; алдымен әлеуметтік-экономикалық, одан соң XX ғасырдың екінші жартысында жаңа заманның кәсіби, квалификациялық және білім беру талаптарына сай, мемлекеттік бюрократияның жоғарғы және орта звеноларының саяси модернизациялауды жүргізуін жеңілдетті. Жетістіктері ұлттық модернизациялаумен байланысты болған Оңтүстік Кореяның іскер және білікті билігі экономикалық және саяси саладағы дамудың күрделілігін түсіне білді. Басқаша айтқанда, сапалы әрі жаңа сипаттағы конфуциандық дәстүр Оңтүстік Кореяның мемлекет тағдырына жауапкершілікті қолға алған бюрократиялық элитасын қалыптастырды. Егер жаңа демократиялық модельдің орнығуын саяси модернизацияның астарында деп түсінсек, онда біз әңгімені либералдықтың күнделікті өмірге енуі жайында ғана емес, осының салдарынан пайда болған азаматтық қоғамның орнауына, яғни әртүрлі салаларға бағытталған (саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени және т.б.) және ең негізгісі – мемлекетке қатысты автономдық болуы. Экономикалық модернизация нарықтық шаруашылыққа негізделген алдыңғы қатардағы технологиялар сияқты өмірге ғылыми-техникалық үдерісті енгізу негізінде пайда болады. Мұндай шаралар үшінші эшелон мемлекеттерінің еңбек өнімділігін арттыруына, өнеркәсіптендіруге кірісуне, коммуникациялық-транспорттық инфрақұрылымды құрылуына мүмкіндік туғызады. Басқаша айтқанда, ұлттың әлемдік-экономикалық құрылымға белсене атсалысып, нәтижелі еңбектенуін қамтамасыз ететін экономикалық модернизация жаңа заманға сай шаруашылық комплексін құруға бағытталған. Әлеуметтік модернизация жалпы білім беру мен медициналық құрылым және әлеуметтік қамсыздандыруды көздейді. Ол мобильдік, дифференциялық және урбанизациялық қоғам құрылуының өсуіне алғышарттар жасай отырып, ұлттың орта тап өкілдерін анықтап, оны ұлттың әлеуметтік негізі ретінде күшейтуге ықпал етеді. Мәдени

модернизация бағалы ұстанымдар мен бағдарларды өзіне тарта отырып, еуропалық емес әлемнің дәстүрлі корпоративтік құрылымынан жеке тұлға шығаруды көздейді. Дегенмен, модернизациясы кешеуілдетіп енген мемлекеттерде негізгі фактор ретінде – саяси фактор тұрады, барлық үдерістердің алғы шебінде саяси модернизация. Оңтүстік Корей қоғамының демократиялық және дәстүрлі құндылықтары. Конфуциандық әлемдегі демократия – тарихи феномен. Мұны көптеген зерттеуші шығыстанушылар мен демократия теоретиктері мойындаған. Негізгі мәселе ретінде, Қиыр Шығыс мемлекеттеріндегі либералдық түсініктегі демократиялық нормаларқаншалықты орныққанын келтіруге болады. Онда конфуциандық типтегі саяси мәдениетке батыстық дәстүр қаншалықты сәйкес келетіндігі айтылады. Оңтүстік Кореяда институциялық негіз бен демократиялық режим соғыстан кейінгі кезеңде американдық оккупациялық биліктің күшімен қаланды. Олар конституциялық демократияның құқықтық базасының құрылуына әсер етті. Сонымен қатар, Кореяда қағаз жүзінде болса да саяси құқықты, либералдық еркіндікті және құқықтық мемлекет нормаларын сақтаған заңдық негіздер болғанын айта кету керек.

Қорытындылай келе, дәстүрлі корей қоғамында отбасы мәселесі қай кезде де маңызды рөл атқарды. Жаңаша жағдайда бұл функцияны өндірістік, жерлестік, тұрмыстық т.б. бірлестіктер, саяси партиялармен қосыла атқаруда. Конфуциандықтың нақ осы жағы жаңа заманғы оңтүстік корейлік азаматтардың ойлауы мен мінез-құлықтарына әсер етті. Конфуциандық мәдениетте ұстаздық-шінеунік-патша культі бар. Конфуциандық этика басшыдан халықтың жағдайын жасауды, олардың этникалық нормаларының сақталып жүргізілуін, күнделікті басқару ісіндегі шығарылған шешімдердің жалпыхалықтың көңілінен шығуын талап етеді. Сенімді басшы басқаратын күшті де орталықтандырылған мемлекет идеясы іс жүзінде Кореядағы барлық идеологиялық және философиялық ағымдардың ажырамас бөлшегі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қуанышбаева, Ж.** Қазақ және корей саяси мәдениеттеріндегі құндылықтар үндестігі, 2013//http://www.rusnauka.com/9NND_2013/politologia/10_132546.doc.htm
- 2 **Ланьков, А.** Конфуцианские традиции и ментальность современного южнокорейского горожанина// Восток. – № 4. – 1997.
- 3 **Ланьков, А.** Политическая борьба в Корее XVI-XVII вв. (Серия «Orientalia»). – СПб : Петербургское Востоковедение, 1995. – 192 с.

4 Санцевич, Я. С. Влияние религиозного фактора на политическую жизнь Республики Корея// Социальные и гуманитарные науки на Дальнем Востоке. – 2011. – № 4. – С. 172-179.

Материал баспаға 14.06.16 түсті.

Ф. Ж. Борантаева

Роль конфуцианства в политической культуре Республики Корея

Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 14.06.16.

F. Zh. Borantayeva

The role of Confucianism in the political culture of the Republic of Korea

The Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty.

Material received on 14.06.16.

В данной статье рассматривается отражение влияния конфуцианства на современную южнокорейскую политическую культуру и менталитет корейского народа. Конфуцианство в истории Кореи имел статус государственной идеологии, но на сегодняшний день претерпевает ослабление своего влияния на политический строй и политическую систему Республики Корея. Также рассматривается стиль ведения южнокорейской политики в период комплексной национальной модернизации и глобальных изменений на современной мировой арене, что позволяет выявить особенности политических принципов и приоритетов Республики Корея.

In this article the author gives an analysis of influence of Confucianism on modern South Korean political culture and mentality of the Korean people. In the history of Korea, the status of the state ideology had Confucianism, but today undergoes weakening of the influence on a political system of the Republic of Korea. The analysis of style of maintaining South Korean policy during complex national modernization and global changes in the modern world stage that has allowed revealing features of the political principles and priorities of the Republic of Korea.

УДК 070.1:323.39

Ф. Ж. Ельмуратов¹, М. С. Сагандыкова²

¹саяси ғ.к., доцент, ²магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail:

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАР – САЯСИ-ЭЛЕУМЕТТІК ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдары саяси-элеуметтік институт ретінде талдауға алынғаң. Бұқаралық ақпарат құралдарының қай салада болмасын орны ерекше көрсетілген.

Кілтті сөздер: бұқаралық ақпарат құралдар, коммуникация, саяси-элеуметтік құбылыс, элеуметтік аспект, саяси бақылау, идеологиялық топ.

Коммуникация элеуметтік құбылыс ретінде ХХ-ғасырдың басында зерттеу алған болатын. Оның ішінде бұқаралық коммуникацияны зерттеуге көп көңіл бөлінді. М. Вебер 1910-жылы бұқаралық ақпарат құралдарының социологиялық аспектіде зерттелу қажеттілігін метадологиялық тұрғыдан негіздеп берді.

Ол баспасөздің әртүрлі элеуметтік құрылымдағы үстемдігін және адамның осы қоғамның мүшесі ретінде қалыптасуына ықпал ететінін дәлелдеп берді. Кейіннен БАҚ-ты зерттеу 3 аспекті де қарастырылды:

- теоретикалық;
- прагматикалық;
- экспериментальды - қолданбалы.

Бұқаралық ақпарат құралдарды зерттеудің негізгі теоретикалық бағыты оның негізгі мәнін түсінуге негізделген. Бұл теорияны үстем ететін функциясына сәйкес 3 топқа біріктіруге болады:

- саяси бақылау;
- рухани бақылау;
- мәдени бақылау.

Сонымен бірге БАҚ-тың рөлін зерттейтін ақпараттық қоғам теориясы жеке қарастыруды талап етеді.

Теорияның бірінші тобында – БАҚ саяси бақылаудың функциясы, саяси билік рөлін атқарушы ретінде айқындалады. Оның өзі 2 топқа бөлінеді:

- материалды-экономикалық;
- идеологиялық.

Бірінші материалды-экономикалық топқа: Бұқаралық қоғам теориясы жатады. Онда қоғамның беделді және билік институттарының өзара әрекеттерінің нәтижесінде БАҚ-ты билік ұғымының саяси-экономикалық бағытын қолдай отырып, халықтың өз қиыншылықтарын аз уақыт болса да ұмытып, рухани тептендікті қалпына келтіруге көмектеседі [1].

Бұл өз кезегінде билік құрылымдарының халық үстінен бақылауы мен қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Бұл теория БАҚ-тың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін ерекше атап көрсетеді. БАҚ – бір жағынан қоғамдық пікірді бақылап отырса, (бұл В. Парето мен К. Мангеймнің еңбектерінде жақсы көрсетілген) екінші жағынан – адамдарға қиын жағдайда өмір сүруге көмектеседі.

Бұл теорияның осы және басқа да үлгілері БАҚ ең алдымен өндіріс құралы ретінде қарайтын марксистік түсінікке негізделеді.

Саяси-экономикалық теория (Г. Мердок, П. Голдинг) марксизмнің постулатін пайдаланады.

Онда ең алдымен БАҚ-тың функциясын айқындайтын экономикалық фактор алдыңғы қатарға шығады. Саяси фактор да бұнда есепке алынады, себебі БАҚ-ы жеке меншік иелерінің қолында.

Сындық теория қоғамдағы әлеуметтік процестерді анализдеу де неомарксистік әдіске негізделеді. (М. Хоркхаймер, Г. Маркузе, Т. Адорно). Маркстің жұмысына таптың революциялық мүмкіндіктері туралы идеясына сынмен қарайды.

Ал, екінші идеологиялық топқа: гегемония теориясы мен бұқаралық коммуникация теориясы жатады.

БАҚ-ның гегемония теориясы (үстемдік) немесе масс-медиалық үстемдік теориясы (Н. Пулантазас, Л. Альтюссер). Бұл теориядағы «гегемония» сөзі үстемдік етуші идеология ретінде айтылады. Бұл теория БАҚ-тың қоғамдағы өзгерістерді жүзеге асыруға қабілетті, қуатты механизм ретінде рөл атқаруына байланысты пайда болады.

Кеңестік социологиялық мектеп. (Б. А. Грушин, Б. М. Фирсов) марксистік-лениндік метадология негізінде әлеуметтік қарым-қатынас түрі ретінде бұқаралық коммуникация теориясын жасап шығарды. Бұл теория бойынша бұқаралық коммуникация адамдар әлеуметтік сезім мен әлеуметтік тәжірибеге ие болған кезде ғана жүзеге асады.

Бұл жерде рухани іс-әрекет пен қоғамдық пікірді зерттеумен қатар, идеологиялық үгіт-насихатқа көп көңіл бөлінеді. Ал теорияның екінші тобына құрылымдық-функционализм метадологиясына негізделіп жасалған теориялар жатады.

Құрылымдық-функциональдық теория социологияда әлеуметтік-функциональды мектепті қалыптастырған американдық социолог Т. Парсонстың социологиялық теориясына және қоғамдағы барлық іс-әрекеттер оның қажеттілігінен туындайды деп есептейтін американдық социолог Р. Мертонның ойына негізделеді.

БАҚ өзін-өзі ұйымдастырушы және өзін-өзі бақылаушы жүйе ретінде қаралады.

Үшінші топтағы теория үшін бұқаралық коммуникация мен БАҚ рөлін түсінуде социо-мәдени бағыт тән. Қазіргі уақытта бұл бағыт даму үстінде.

Франкфурттiк мектеп өз іс-әрекетінің екінші кезеңінде бұқаралық коммуникацияның мәдениеттанушылық қалыптасу мәселелеріне көңіл бөле бастады (Т. Адорно, Г. Энциенсбергер).

Бұл мектептің өкілдері қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды күрделендіре түсетін факторларды талдауда тарихи бағыттың маңыздылығы туралы марксистік постулатты сақтап қалды.

Бирмингемдік мектеп 1970 жылы қалыптаса бастады. Ол бұқаралық мәдениеттің қоғамдағы рөліне қарама-қарсы көзқарасты ұстанады (С. Холл). Оның өкілдерінің еңбектері мен жұмыстарында бұқаралық мәдениет пен жастар, жұмысшы, этникалық азшылықты құрайтын әртүрлі әлеуметтік құрылым арасындағы өзара ықпал ету процессіндегі БАҚ рөлін неғұрлым мұқият зерттеуге тырысты. Сонымен қатар бұқаралық мәдениеттің позитивті рөлін мойындайды.

Бұқаралық коммуникацияның мәдениеттанушылық теориясын Г. Маклюэн мен А. Моль ұсынды. Мәдениеттанушылық бағыт бұқаралық мәдениет БАҚ пайдалана отырып, девиантты оппозициондық элементтердің жалпы әлеуметтік контексінен байланысына қалай ықпал ететінін түсіндіруге тырысады.

Г. Маклюэн әртүрлі қарым-қатынас құралына негізделген мәдениет жүйесінің типологиясын жасады. Оның ойынша, бұл адам мен коммуникативті құралдар арасындағы қарым-қатынасты түсіну үшін қажет.

Ақпараттық қоғам теориясының негізінде Д. Белл жасап шығарған постиндустриальды қоғам концепциясы жатыр. Бұл теорияның постулаттары мынаған келіп саяды:

- ақпарат өндірістің басты қайнар көзі және құралы;
- БАҚ – ақпаратты қолдау мен оның бағасы үшін қуатты стимул, олар коммуникативті технологияларды ынталандыра түседі;
- қоғамдағы өзгерістер ақпараттың мазмұнында емес, оның тасымалдануы мен келешекте қолдануының әдіс-тәсілдерінде.

Қарастырылған теориялар БАҚ рөліне бағытталған. Біреулері биліктің БАҚ үстінен үстемдігін, қоғамның мәдени деңгейінің түсіп кеткенін, қоғам

интеграциясының әлсірегенін айтады. Екіншілері, керісінше, БАҚ ақпаратты еркі таңдау жағдайында көптеген артықшылықтарға ие болғанын айтады [2].

Отандық зерттеу жұмыстарында БАҚ тек қана рөлі ғана емес, оның қоғамдық санаға әртүрлі каналдармен ықпал еудің ерекшеліктерін зерттеуге көп көңіл аударған. Жалпы, коммуникация теориясы мен ақпарат теориясы негізінде бұқаралық коммуникация философия, социология, психология, этнография, лингвистика және т.б. қоғамдық ғылымдармен бірге қаралады.

Бірақ теоретикалық және прагматикалық аспектілер үшін ең маңыздысы психоллингвистика, социопсихология, социоллингвистика, социокommunikация т.б. ғылыми дисциплиналар болып табылады.

Себебі, бұқаралық коммуникацияны күрделендіре түсетін көптеген факторлардың өзара іс-әрекетін зерттеу оның механизмін, қоғам мен адамға ықпал ету әдісі мен құралдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Психоллингвистикада тілдің ықпал етуі мен мүмкіндіктері қаралады (А. А. Монтьев, Е. Ф. Тарасов, Ю. Л. Сорокин). Бұл коммуникативті фазаның ерекшеліктерін терең зерттеуге мүмкіндік берді.

Коммуникативті процестің ерекшеліктеріне сәйкес екі фазалық, кей жағдайда үш фазалық коммуникация теориясы келіп шығады: коммуникативтіге дейін – коммуникативті -посткоммуникативті.

Бұл біріншіден, ой тілмен рәсімделеді, коммуникативті бірліктер (сөйлеу, дискуссия) тілдік бірліктерге қарағанда (сөз) коммуникация процесінде қалыптасады.

Екіншіден, бұл сөйлеумен байланысты.

Үшіншіден, посткоммуникативті фазаның пайда болуы - шешім мен нақты іс-әрекеттің туындауына әкеліп соқтырады.

Әлеуметтік психология үшін қоғамдық сананың өзгеруіне әсер ететін психологиялық жағдайларды анықтау маңызда болып табылады.

Эксперимент түрінде қандай да бір әлеуметтік жағдайға жалпы бұқара қалай қараса, сол топтың адамы да солай қарайтыны дәлелденген. Бұл әрине, егер осы әлеуметтік топтың өзіндік санасы бар болса ғана дұрыс жүреді.

Ал, егер бұлай болмаса, онда болжам қате болуы мүмкін, және тек әлеуметтік ықпал ету процесін ғана емес, сонымен қатар, көптеген факторлармен негізделетін өзара ықпал ету іс-әрекетін зерттеуге тура келеді.

Әлеуметтік лингвистикалық аспектіде бұқаралық коммуникация тілдің әлеуметтік қарым-қатынас түрі ретінде түсіну жағдайында қалыптасу ерекшеліктерін зерттейді.

Осындай мақсатта мерзімді баспасөз стилінің қалыптасу ерекшеліктері зерттеледі (В. Д. Швейцер, Г. Я. Солгоник), радио-телебағдарлама (М. В. Зарва, С. В. Светлана).

Ең негізгі зерттеу мәселесі – әлеуметтік дифференциация, интеграция, интерференцияны күрделендіре түсетін әлеуметтік және лингвистикалық факторлардың ықпал ету механизмін анықтау болып табылады.

Классикалық (сызықтық) модель. 1948 ж. Г. Лассуэл коммуникативті процестің жай, қарапайым моделін ұсынды. Ол 5 элементтен тұрады:

- кім (ақпарат береді) – коммуникатор;
- не (беріледі) – хабар;
- қалай (жүзеге асады) – канал;
- кімге (бағытталған) – аудитория;
- қандай эффектпен (хабардың тиімділігі) – нәтижесі.

Бұл схеманың әрбір элементі – көптеген зерттеушілердің объектісі болып табылады. Мысалы, коммуникатордың сипаты анықталады.

Адамның сөйлеген сөзі тиімді болуы үшін, ол тыңдаушылардың пікірі бойынша, компененттікке (белгілі-бір білім мен дағдыға), сенімділікке (сенім тудыра білуі керек), динамизмге (жеке басының ашықтылығы, белсенділігі, энтузиазм) ие болуы керек.

Әлеуметтік-психологиялық модель. Оны Т. Ньюкомбо жасап шығарды. Ол өзара сөйлесіп отырып адамдардың қарым-қатынасын ескеруді ұсынады.

Егер де екеуі де бір-біріне жақсы қатынаста болса, олар сол әңгіме болып отырған объектіге байланысты бір жақты көзқарасты ұстауға тырысады.

Ал егер, олардың арасындағы қатынас жаман болса, онда екеуінің ұстанған көзқарасы да әртүрлі, қарама-қарсы болады.

Шулы модель, инженер К. Шеннон коммуникацияны телефонды байланыс құралы арқылы сипаттаса, В. Вивер коммуникацияның барлық түріне шу -коммуникацияны қиындататын кез-келген кедергілерді кіргізеді.

Г. Лассуэл мен К. Шеннон, В.Виверлердің моделдері бір бағыттағы үдерістер. Әрине, мұндай модель шынайы коммуникациядан алыс емес.

Кейінгі моделдердің авторлары коммуникация үрдісінің компоненттері мен факторларын олардың көптеген үлгілерінен анықтауға тырысты. Мысалы, неміс зерттеушісі Г. Марецки ұсынған факторлы модель жатады. Онда коммуникация процестерінің мәнмәтінін құрайтын ондаған факторлар айтылады.

1954 жылы В. Шрамм мен К. Осгуд коммуникацияның циркулярлы моделін ұсынады. Онда ақпаратты беруші және алушы өзара тең бірдей қарым-қатынасқа түседі.

Осылайша, коммуникацияның негізгі элементтері тұтастай ғылыми айналымға енеді. Бұндай элементке коммуникатор, ақпарат (хабар), коммуникант, канал, нәтиже, кері байланыс, дыбыс (шу) жатады.

Текстік модель (А. Пятигорский). Оның ойынша басқа адамдарға байланысы белгілі-бір коммуникативті жағдай туындайды:

«Текст бірден-бір жағдайда пайда болады: субъективті жағдайда, ал ол көптеген объективті жағдайлар негізінде уақыт пен орынға байланысты қабылданады.

Ал хат үшін уақыт маңызды емес; керісінше корреспонденцияның негізгі ағымы - уақытты қалай да қысқарту. Идеалды түрде хат – таза кеңістіктік құбылыс, онда уақытты үнемдеуге болады (телеграмма, фототелеграмма және т.б.)».

Конфликтологиялық модель (У. Юри) конфликтті шешудің үш деңгейін ұсынады:

- мүдделер;
- құқық;
- күш.

Мүдделер бұл – қажеттіліктер, тілек, қорқыныш, яғни бізді толғандыратын нәрселер.

Құқық деңгейінде – сотқа шағымдану, кімнің дұрыс екенін анықтау.

Күш деңгейінде - ереуіл, соғыс, төбелес жатады. Бұл, яғни кім күшті екенін анықтау [3].

БАҚ саясаттандыру – қалай масс-медиа біртіндеп саяси үрдіске еніп бара жатқанын, оның бөлшегі бола бастағанын көрсететін құбылыс.

БАҚ саясаттандырудың бірнеше деңгейі мен аспектілері бар:

- БАҚ-ның жеке саяси күшке айналуы;
- Партиялық БАҚ-ның пайда болуы;
- Саяси БАҚ-ның санының көбеюі;
- БАҚ саяси мақсатқа пайдалану;
- БАҚ сайлау алды күресте пайдалану;
- Саясаттанған БАҚ санының ұлғаюы.

«БАҚ саяси іс-әрекеттің құралы» атты концепциясы. Бұндай концепцияны марксизм ұстанған. Марксизм баспаны «ұйымдық организатор, агитатор, насихаттаушы» деп жариялады. БАҚ белсенділігі осы тұжырымдамада өсе түседі, алайда тұтастай саяси жағдайға бағынышты.

«БАҚ – қоғам айнасы» тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдамада БАҚ – қоғамдағы үрдістерге белсенді араласады, олар қоғамдық-саяси жағдайға өзіндік «диагноз» жасайды.

Ал шын мәнінде БАҚ қоғамдағы жағдайларды нақты объективті тұрғыдан сипаттап, оны түзету үшін дұрыс жолдарды сілтеуі қажет.

«БАҚ- төртінші билік» тұжырымдамасы. Бұл тұжырымдама БАҚ-ты жеке саяси күш ретінде қарайды. БАҚ жеке, тәуелсіз, ол қоғамды басқаруға қатысады.

Тұжырымдама сонымен қатар, қазіргі БАҚ-ты басқа да саяси субъектілермен бірге өзінің арнайы мүдделері бар екенін, оларды тиімді жүзеге асыра алатындығын көрсетеді.

«БАҚ - бизнес» тұжырымдамасы. Мұнда БАҚ - кіріс әкелетін іс-әрекет түрі ретінде қаралады. Британ аналитигі Раймонд Уильямс былай деген: «Не айтқын келсе, соны айтуға болады, бірақ тек егер сіз өзіңізге сөйлеуге, оның ішінде табыспен сөйлеуге рұқсат ете алсаңыз ғана» [4].

Әрине, бұл тұжырымдамалардың бірде-біреуі де таза күйінде бірде-бір елде жүзеге асқан жоқ, және әр елде БАҚ бұл тұжырымдамалардың бірнешеуіне сәйкес келуі мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қай салада болмасын орны ерекше. Еліміздің Конституциясында: «БАҚ-ры әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» [5] деп көрсетілсе, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңында оның «... мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбысбейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқада нысаны» [6] болып табылатыны айқындалған. Ал, жалпы «БАҚ» деген атаудың өзі мына мағыналарды береді:

- бұқараға бағыт немесе арнау. Яғни, бұқаралық ақпарат мәселелері қоғамға, халыққа, көпшіліктің аудиториясына арналмақ, олармен тікелей байланыс орнатылмақ;
- бүкіл ақпарат көпшіліктің сұраныс-қажеттілігін, талап-талғамын, қанағаттандыру үшін берілмек;
- қоғамдық істерге байланысты әрі халық күткен мәселелерге белсенді позиция ұстанып, соған жұртты жұмылдыруға ат салысу болмақ;
- көпшіліктің пайдалануына ақпараттың тиімді, қолайлы әрі арзан болуын қалыптастыру. Жұрт ақпаратты қиналмай қабылдайтындай болу керек;
- жұртшылықтың бәрі бірдей және тұрақты түрде ақпарат алып отыруға мүмкіндік туғызу;
- қажет еткен жағдайда әркімнің ақпарат орындарына қатысуына жол ашу, т.б.

Сонымен қатар, әрбір БАҚ берген материалдарда хабарлардың толық әрі жеткілікті болуы өте қажет. Сонда ғана БАҚ-тың ісі ойдағыдай жүзеге асады.

Көптеген әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеулер нәтижелері көрсеткендей, БАҚ қоғамдағы жалпы қалыптасқан құбылыстар мен оқиғалардан ауытқу туралы үнемі хабарлап тұруы, оқырмандарды, тындаушыларды, көрермендерде қалыптасқан әлемдік тәртіп, өмірдің ағымының бұзылуы туралы, қоғамдағы өз орны мен өз болашағы туралы корку мен уайым туғызады.

Сонымен қатар егер адамдар БАҚ-тың қызметіне жиі бой ұсынатын болса, қоршаған әлемге байланысты негативті жағдайға көп ұрынады екен.

Егер тиімді пайдалана білсе, БАҚ қоғамдық пікірлерді өзгертуге орасан зор ықпал ететін алпауыт күші болып табылады. Саяси жағдайларды шынайы суреттейтін, дамыған, демократиялық тұрғыда ұйымдастырылған БАҚ-тың болуы қоғамды тиімді басқарудың, тұрақты демократиялық мемлекет болуының ең негізгі кепілдіктерінің бірі екендігі даусыз.

1776 жылы саясатшы әрі публицист Э. Берк айтқандай, БАҚ «төртінші билік» деп санап, көпшілік арасында пікір қалыптасып кеткені секілді, журналистикада жаңа көзқарас, ұғымдар пайда болып отыр. Кейбір саяси қайраткерлер кім теледидарды көп бақылса, сол бүкіл елді бақылай алады деп санайды. Шынымен де, БАҚ-тың мүмкіншіліктері мол. Әсіресе, әрбір үйде радио, теледидар бар кезде адамдар өз елдеріндегі жағдайды ғана емес, әлемде не болып жатқанын көріп біліп отырады.

Ақпарат құралдарының маңызы шын мәнінде сөз, баспасөз бостандығы берілген, оппозициялық партиялар бар елдерде арта түседі.

Сонымен қатар, ақпарат құралдарымен бірге билікті жүргізуде ақпараттық қордың да маңызы өте зор. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік институт ретінде - басқа қоғамдық институттармен қарым-қатынаста болуы заңды. Сол арқылы ол әр саламен, жан-жақты жұмыс істей алады. Демократия мен плюрализмді пайдаланады. Қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал етеді.

Қоғамдық пікірді туғызатын да, жасайтын да халық, әлеуметтік-саяси топтар. Қоғамдық пікір – өз кезегінде әлеуметтік-саяси өмірдің маңызды мәселелеріне байланысты туады.

Өткен мен бүгінге байланысты процестер мен фактілерге байланысты өріс алады, және де өзекті оқиғалар мен құбылыстар, іс-әрекеттер мен идеялар бағаланып, нақты мақсаттар мен міндеттер және оған жету жолдары жөнінде қоғамдық пікір пайда болады. Білім мен ғылыми мәліметтерді алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға ие.

БАҚ мемлекет пен ірі корпорация жағынан бақылаудан тәуелсіз бола бастады. Жарнама БАҚ-ты қаржыландыру мен оған кіріс әкеліп отырған басты қайнар көз болып табылады, және ол оның рухани және саяси тәуелсіздігіне кедергі болып отыр.

БАҚ-тың көптеген органдары мен ұйымдардың негізі коммерциялық бастау, ақпаратты неғұрлым кең аудиторияға сату үшін нарықтық пайдалану болып табылады. 1988 жылдың ақпанында АҚШ-тың үш негізгі телекомпаниялары Ақ үйдің Р. Рейганға солардың арналары арқылы экранға шығу ұсынысын қабылдамады. Бұл компанияның ресми өкілдері президенттік сөзде ешбір жаңа нәрсенің болмайтынын айтты, компанияның коммерциялық мүдделері оларға эфирді босқа пайдалануға рұқсат бермейміз деп жариялады.

Өздерінің репортаждарында, комментарийында БАҚ саясаттың жасырын белгісіз тұстарын жариялап отырды. Мысалы, АҚШ-та БАҚ-тың жекелеген органдары саяси аренадан Л. Джонсон мен Р. Никсонның кетуіне де аса зор рөл атқарды. Басқаша айтқанда БАҚ арқылы қалыптасатын қоғамдық пікір билікті шектеуге мүмкіндік береді [7].

Қандай да бір қоғам, саяси жүйе болсын оның дамуында жалпы ақпараттық қызметтің, бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар қызметі мен рөлі зор. Өйткені қоғамның қалыпты саяси-әлеуметтік өмірін күнделікті ақпарат тарату қызметінсіз көзге елестету қиын. Олай болса ақпараттық қызмет дегеніміз не? Оның мәні мен маңызы неде? Ол әуелі қоғам мүшелері мен билік орындарына қажетті немесе сол қоғам үшін белгілі бір дәрежеде маңызы бар ақпараттарды қабылдап, уақытында таратып отыратын арнайы қызмет жүйесі болып табылады. Өз кезеңінде ақпараттар күнбе-күн БАҚ арқылы таралады.

Жалпы алғанда БАҚ-тың қоғамға қажеттілігі олардың тікелей атқарар функцияларынан туындайды.

Бүгінде БАҚ-тың қоғамда атқаратын функциялары аз емес. Олардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық функциясы, яғни қоғам мен оның мүшелеріне күнделікті ақпарат таратып отыруы.

Өздері қабылдаған ақпарат негізінде адамдардың саяси-экономикалық, мәдени әлеуметтік, рухани өмірі, билік тармақтарының қызметі тағы басқалар жөнінде белгілі бір пікір қалыптасады.

Екіншіден, қоғамның дамуы, түрлі ішкі-сыртқы міндеттері мен саяси-экономикалық процестерді мақсатты түрде реттеп, шешіп отыруы, қоғам мүшелерімен басқа да қоғамдық институттармен арақатынасы тағы басқа да күнделікті ақпарат алмасуымен, яғни БАҚ-тың коммуникативті қызметінсіз мүмкін емес.

Бұқаралық ақпарат құралдарының функциясы адамдарға түрлі процестер және оқиғалар тұрғысында ой түйіндеуіне ықпал етеді, олар жөнінде түрлі ақпараттар ағыны ішінде бағдар болуына көмектеседі. Басқаша

айтқанда, адамдардың қоғамдағы әлеуметтік шындыққа табиғи бейімделуін қамтамасыз ететін олардың танымдық функциясы туындайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының билік пен оның субъектілері арасындағы байланысты реттеп, қадағалап отыру функциясының маңызы бүгінгі кезеңде тіпті арта түсуде. Бұл әсіресе дамыған демократиялық қоғамдарға тән қасиет.

Олардың қадағалаушылық қызметі өздері туғызатын қоғамдық пікірге арқа сүйейді. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік ресми қадағалау органдары секілді әкімшілік-экономикалық шара қолдану құқына ие болмаса да, олар болған оқиғаға, оған жауапты адамдарға тек құқықтық тұрғыдан ғана емес, моральдық баға да береді.

Жалпы, Жапония ғалымдарының пайымдауынша, ақпарат кімнің қолында болса, ХХІ ғасырда билік соның қолында болады дейді. Кез-келген қоғам өмірінде ақпараттық қызмет жүйесінің қызметі мен рөлі зор.

Бүгінде дамыған, өркениетті қоғамдағы біліммен ақпарат билігі қаражат пен мемлекеттік күштеуді екінші кезекке ысырып тастап, оны басқаруда шешуші ықпал ете отырып олар саяси күшке айналып отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары коммуникативтік, ақпарат таратушылық, танымдық пікір туғызу арқылы саяси билікке ықпал етушілік, қадағалаушылық функцияларының маңызына қарай «төртінші билік» аталған. Мысалы, «Маңызды ақпаратқа ие болу билікке ие болуды білдіреді. Маңызды ақпаратты маңызы жоқ ақпараттан ажырата білу одан да күшті билікті білдіреді. Маңызды ақпаратты өз мүддене сай тарата білу мүмкіндігі болмаса ол жөнінде мақсатты түрде үндемей қалу екі есе көп билікті білдіреді» – деп жазды белгілі неміс саясаткері, саясаттану оқу құралының авторы.

Саяси билік әлеуметтік институттар арқылы жұмыс істейді. Ол ұйымдар, мекемелер, техникалық, ақпараттық, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру мен реттеуді қамтамасыз ететін ережелер арқылы іске асады.

Биліктің қайнар көзі, бастауына бедел, күш, байлық, заң, адамның қоғамдағы алатын орны, ұйым, мүдде, білім және хабарлама мәліметтер яғни ақпарат жатады.

Жалпы, қоғамның саяси институттары қатарында айырықша мәні бар, басқалармен салыстырғанда саяси билігі мен қызметі бөлектеу тұрғаны бұқаралық ақпарат тарату жүйесі болып табылады. Бұл жүйе тікелей өндіруші сала болмағанымен, қоғамдағы саяси-әлеуметтік ықпалы жағынан басым болатыны белгілі. Қоғам өмірінің қай саласында да мемлекеттік ақпараттың саясаты болады.

Ішкі және сыртқы саясаттың күрделі міндеттерінен бастап, күнделікті ауа райына дейін ақпараттың қамтамасыз етпейінше, алдағы мақсатқа қол

жеткізу, одан күткендей нәтиже тосу қиын. БАҚ-тың қоғам өміріндегі ақпараттық, коммуникативтік, танымдық, қоғамдық пікір туғызушылық функциялары мемлекет мүддесін қоғам мүшелеріне жеткізіп, олардың ой-пікірін байқатады, қоғамдық институттар арқылы оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының пәрменді саяси-әлеуметтік ықпалы мен мүмкіндіктерін осы себептерге байланысты мемлекеттің үнемі пайдалануына тура келеді. Бұл екі жақты байланыс ауқымы мен сипаты қоғамдағы билік режимдері және формаларына байланысты өзгеріп отырады.

Тоталитарлық, қатаң авторитарлық саяси режимдерде БАҚ тұтастай мемлекеттің бақылауында болады. Ондай қоғамдарда ақпарат кеңістігі мемлекет идеологиясына сай, сол бағытта ғана қалыптасады, қоғамға тек мемлекеттік көзқарас таратылып, қоғамдық пікір де сол бағытта қалыптасады [8].

КСРО кезіндегі тоталитарлық жүйе саясаты бұған айқын дәлел болады. Ал, демократиялық мемлекеттерде БАҚ пен мемлекет арасындағы қарым-қатынас заңдылық негізінде белгіленіп, барлық мәселелер тек құқықтық нормалар мен ережелер бойынша шешілді.

Мұндай саяси режим баспасөз бостандығын, пікірлер алшақтығы және көзқарас еркіндігін мойындайды, сонымен қатар, ар-ождан бостандығы да сақталады.

Сөз бостандығын шектеу журналистерге қоқан-лоқы көрсетіп, қысым жасау әлі де етек алып отырғаны жасырын емес. Өз кезегінде журналистер тарапынан да заңды өрескел бұзушылық, жалақорлық пен жалған ақпарат беру оқиғалары көптеп кездеседі. Осындай жөнсіздіктерді реттеп отыратын БАҚ туралы жаңа заң қабылдау қажеттігі Президент жолдауында атап көрсетілді. Онда республикадағы БАҚ-тың ұлттық мүддені қорғаудан сырт қалмауға тиістілігі де ескерілді. Бұқаралық ақпарат құралдары нарығында бәсекенің белең алуы заңды құбылыс.

Кез келген ақпарат құралы бұқараның көңілін жаулап алу жолында қызмет етеді. Оның ар жағында БАҚ-тың монополиялану қауіпі тұр. Ал монополияланған ақпарат шындықтың аулынан алыстап, жекелеген топтардың мүддесін көздейтіні бесенеден белгілі. Сол себепті, бәсекелестік үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынады.

Елбасы республикадағы БАҚ-тың халық алдындағы жауапкершілігін жадынан шығармай, «өзінің дамуына жасалған қамқорлыққа жауапты тұғыр ұстануымен, әділ де шынайы ақпарат таратуға деген ұмтылысымен жауап қатады» деп зор үміт білдірді.

Медиа-нарықта БАҚ-тың өсуімен қатар қоғамның ақпараттық сұраныстарына сәйкес тақырыптық ауқымының да кенейе бастағандығы байқалады.

Уәкілетті орган мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге байланысты бюджеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгей-де мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды.

Өңірлік қауіпсіздік және сол процесстегі БАҚ-тың рөліне байланысты тақырып қазіргі кезде қай кездегіге қарағанда да өзекті болып отыр. Сөз бен бейненің рөлі қауіпсіздік ұғымында ғана емес, сонымен бірге оны қалыптастыруда да әскери құрамдық секілді маңызды факторға айналып келеді. Ғасыр бұрын Фридрих Ницше: «Факт дегеніміз жоқ – ұғындыру ғана бар» дегені ақиқатқа көбірек жақын келеді.

Медиа саланың түбегейлі өзгеру аймақ шегіндегі емес, жаһандық құбылыс екендігі анық. Мамандардың есебі бойынша 50 миллион адамдық аудиторияны қамту үшін радиоға 38 жыл, телевизияға 13 жыл қажет болыпты да, ал Интернет бұл деңгейге 4 жылдың ішінде жетіпті. 2014 жылы дүние жүзі бойынша интернетті пайдаланушылар саны 3 миллиардқа жеткізілді.

Олдос Хаксли өзінің тоталитаризмге қарсы утопияларында тапқырлықпен былай деп көрсеткен екен: «төрт жыл бойы аптасына үш рет жүз-жүздеп қайталасаң, ақиқат қалыптасты дей бер».

Біздің халық демократиялық, еркіндікке үйренуде, және де бұл бүгінгі ұрпақтың зор жетістігі. Алайда осындайлық қысқа мерзімде біздің неге қол жеткізгенімізді қарасақ; бұл ретте осынау жылдары біздің ұзақ күткен тәуелсіздігімізді сақтау және нығайту басты мақсат болды. Бұл бірінші нөмірлі мәселе еді. Осы салада біздің БАҚ өте көп еңбек сіңірді. Олар еліміздің тарихын, болып жатқан экономикалық үрдістерді жан-жақты зерделеп оны халыққа жеткізе білді. Еркін баспасөз – біздің мемлекетіміздің демократиялық бағыттан айнымайтындығының басты кепілі.

Демократия – біздің жолымыздың бастауы емес, түпкілікті мақсаты. Ал келесі бір білуге тиіс нәрсе – бұқаралық ақпарат құралдарының демократиялдығы. Яғни ол шынайы демократия үшін еңбек етеді, күреседі. Демократияның тағы бір пайдасы - жариялылықты күшейтіп, әділетсіздікке қарсы сынды дамытуға жағдай жасайды. Демократия мен БАҚ тығыз байланыста болуы тиіс.

Демократия кезінде БАҚ рөлі одан сайын артып, қоғамдық пікірдің ұйымдастырушысы мен жариялаушысы ретінде көрінеді. Ал, Төрегелді Бекниязов өзінің «Демократиялық қоғам және баспасөз» атты оқу құралында: «БАҚ қашанда халық мүддесін, мақсатын ұмытпауы керек, стихияды өмірдің қайда апарып соғатыны белгілі.

Демократияның өзі – заңды бұзу деген сөз емес. Әлемнің дамыған алпауыт елдерінде де солай. Ендеше салауатты өмірді, өркениетті көздесек, БАҚ-тар да соған қызмет етпек» – дейді [9].

Яғни, бұл тұрғыдан мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары халықтың өмірін және де басқа жағдайларды тереңдеп жазып келе жатқанын ешкім жоққа шығармайды.

Ал, тәуелсіз БАҚ-тар болса түрлі тақырыптарды қозғап, ақпаратты кең спектрде көрсете білгенмен, халықтың өмірін, және де басқа мәселелерін жеңіл-желпі беріп жүргені белгілі. Кейде парасат жағы жетпей жатқаны байқалады. Бұған керісінше, мемлекеттік ақпарат құралдары ұстанымды да, салмақты болып келеді.

Қоғамдық сананың өзгеріп, өсуі – қоғам мүшелерінің мемлекет өмірінен күнделікті мол, әрі объективті мағлұмат алу дәрежесіне тікелей байланысты. Қоғамдық сана өз кезегінде қоғамдық пікір негізінде қалыптаспақ.

Бұл екеуінің де БАҚ-тар арқылы ғана пайда болып, одан әрі дами алатындығын ескерсек, оның қадағалаушылық функциясы тіпті күшейе түспек. Яғни қоғамдық пікір, билік тармақтарының белгілі бір шешімінің терістігіне бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көз жеткізсе, ол оның шешімді өзгерту үшін тағы да сол ақпарат қызметін пайдалана отырып ықпал ете алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының «төртінші билік» аталуы оның осындай саяси-әлеуметтік функцияларының маңыздылығынан болса керек.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары шыққан «Баспасөздің төрт теориясы» деп аталатын Сиберт, Шрамм, Питерсонның еңбегі бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік жауапкершілігі туралы мәселелерді қозғауына байланысты журналистикада, саясатта, қоғамда кеңінен пікір туғызды.

Бірақ оның бастапқы идеялары Еуропада жүздеген жыл бұрын айтыла бастаған еді. Аталған еңбек соның қортындысы секілді көрінеді.

Ал қарастырылған проблемалар БАҚ-тың қоғамдағы орны мен рөліне, қызметіне байланысты болып келеді:

- баспасөздің авторитарлық теориясы;
- баспасөздің либертариандық теориясы;
- баспасөздің әлеуметтік-жауапкершілік теориясы;
- баспасөздің кеңестік коммунистік теориясы.

Осындай мәселелерге талдаулар жасалып, көзқарас-пікірлер арқылы жүйеленіп қорытындыланды [10].

Өздігінен БАҚ әрқашан адам немесе топтардың саласындағы өзгерістердің субъектісі бола бермейді. Өздігінен олар бұзу, жасау немесе процестердің құралы да бола алмайды. Оның позитивті немесе негативті

рөлі оның қандай әлеуметтік күшпен және қандай мақсатпен қолданылуына байланысты анықталады.

Бұл жерде белгілі ағылшын тарихшысы Дж. М. Треверянның саясат-әлеуметтік өзгерістердің себебі емес, нәтижесі деген сөзін айта кету қажет. БАҚ тек сол өзгерістерге ықпал ететін қосымша факторлардың құралының бірі болып табылады.

БАҚ-тағы қазіргі демократиялық бағыт пен гуманистік позиция баршаға ортақ. Осындай жағдайда ғана өркениет пен мемлекеттің бәйгесінде халықтық, ұлттық көкейкесті нәтижеге жетуге ұмтылатынымыз анық.

Негізінен бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды рөлі - қоғамның қабілетті, өміршең жағдайын қамтамасыз ету.

Қоғамдағы болып жатқан экономикалық, демократиялық, саяси-әлеуметтік өзгерістерді түсіну, жаңаша қабылдап, бағалау процестері - енді қалыптаса бастаған Қазақстандық ақпарат кеңістігінен анық көрінуде. Ақпарат қызмет жүйесі өтпелі қоғамның әлеуметтік институттарының айрықша бір түрі ретінде ақпарат өндіріп, оны адамдардың әлеуметтік кеңістігіне тарататын арнайы қызметтің өзіндік формасына ие.

Бұқаралық ақпарат құралдарының жоғарыда аталып өткен түрлі саяси-әлеуметтік функциялары демократиялық қоғамда мейілінше толығырақ көрінеді. Бұқаралық ақпарат құралдары демократия және оның құндылық негіздерінің жұмыс істеу механизмінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Демократияның бар құндылығы адам санасы мен саяси мәдениетіне тікелей байланысты.

Қоғам өміріндегі маңызды шешімдерді көпшілік дауыспен қабылдайтын демократиялық қоғамда сол көпшілікке тікелей саяси-психологиялық танымдық тұрғыдан ықпал ететін осы ақпарат құралдары. Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтардың жекелеген саяси құбылыстар мен оқиғаларды қабылдауына белсенді әсер етіп қана қоймай, олардың қоғамдағы жалпы саясатқа көзқарасын қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Гаджиев, К. С.** Политическая наука. – М., 1995. – 569 б. – 252 б.
- 2 **Прохоров, Е. П.** Введение в теорию журналист. – М., 1995. – 79 б.
- 3 **Сарсенбаев, А. С.** Формирование информационной политики Республики Казахстана. Дисс. канд. – Алматы, 1999. – 165 б. – 26 б.
- 4 **Мұхтар Құл-Мұхаммед.** «Мемлекет пен ақпарат құралдары бірін-бірі қолдай отырып дамиды» // Астана ақшамы. – 2002. – 21.05.

5 **Назарбаева, Д.** «Сөз бостандығы – демократияның басты белгісі» // Астана ақшамы. – 2002. – 27.06.

6 **Бориснев, С. В.** Социология Коммуникаций. – М. : ЮНИТИ, 2003. – 270 б. – 26-27 бб.

7 **Сарсенбаев, А. С.** «Становление демократической системы средств массовой информации Республики Казахстана». Автореф. дис. канд. – Алматы, 1997. – 24 б. – 10 б.

8 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1998. – 10 б.

9 Қазақстан Республикасының Заңы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» // Егемен Қазақстан. – 1999. – 6.08.

10 **Бекниязов, Т.** Журналистің шығармашылық шеберлігі. – Алматы : Қаз.Ун. 2004. – 174 б. – 20-22 бб.

Материал баспаға 14.06.16 түсті.

Г. Ж. Ельмуратов, М. С. Сагандыкова

Средства массовой информации как социально-политическое явление

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. павлодар.

Материал поступил в редакцию 14.06.16.

Г. Ж. Ельмуратов, М. С. Сагандыкова

Средства массовой информации как социально-политическое явление

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. павлодар.

Material received on 14.06.16.

В статье рассматриваются средства массовой информации как социально-политический институт. Подчеркивается роль массовых коммуникаций во всех сферах общественной жизни.

В статье рассматриваются средства массовой информации как социально-политический институт. Подчеркивается роль массовых коммуникаций во всех сферах общественной жизни.

Ғ. Ж. Ельмуратов¹, М. С. Сағандықова²

¹саяси ғ.к., доцент, ²магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail:

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ МЕН РӨЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Мақалада бұқаралық ақпарат құралдары аса маңызды, қоғамдық функциясы талдауға алынған. Қазіргі уақытта БАҚ саяси үрдісті жүзеге асырудағы маңызды институттардың бірі болып табылады.

Кілтті сөздер: бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық саясат, азаматтық қоғам, қоғамдық сана, ақпарат қызметі, демократия.

Негізінен кез-келген мемлекеттің ішкі-сыртқы міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін өзінің ақпараттық саясаты болады. Бүгінде жаңаша даму жолына түскен Қазақстанның халқы мен экономикасы үлкен өзгерістерді басынан өткеруде. Демократиялық жаңғырулар тереңдетіліп, қоғамды жалпы трансформациялау процестерінің қажетті шарттары тұрақтандырылуда.

Осындай өтпелі кезеңде БАҚ-тың қоғамдық санаға әсері саяси-әлеуметтік күші айқын байқалып отыр. Егемен елде болып жатқан барлық оқиғаларға ақпарат құралдары тікелей араласа отырып, қоғамның басқа салаларымен ақпарат қызметі де өз рыногына шықты.

Демек «төртінші билік» қазақстандық қоғамдағы өзгерістерге оң, әрі белсене араласуда. Меншіктің әр алуандылығы ақпарат қызметін заң және экономикалық статусы және саяси-әлеуметтік көзқарас-бағыты арқылы жіктейді.

Мемлекеттік тәуелсіздік, жаңа экономикалық саясат пен құқық мемлекет құру міндеттері республика ақпарат кеңістігіне де үлкен өзгерістер ала келді. Ол міндеттерді жүзеге асыру-қоғамның өмірін дұрыс түсініп-қабылдап, шынайы суреттеу мүмкіндігінен соң ғана жүзеге аспақ [1].

Тәуелсіздік жағдайында Қазақстан үшін дамудың тұрақты демократиялық моделін таңдауда, қоғамды еркін және құқықтық-демократиялық үлгіде

трансформациялау жолдары мен әдістерін іздеуде объективті, шынайы ақпараттың маңызы зор.

Яғни демократиялық, құқықтық мемлекетке ашық ақпараттық кеңістік тән. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ бұған дейін тегіс мемлекеттік болып келген ақпарат құралдары бірте-бірте либералдандырылып, кооперативтік коммерциялық, жеке меншік басылымдар шыға бастады. Жаңадан газет-журналдар мен радиостанциялар, телеканалдар ашылды.

Қоғамдағы ақпарат құралдарына саяси цензураның алынып тастауын пайдаланып, батыстың бұрын таратуға, көрсетуге тиым салынған әдебиет, кинофильмдер тағы басқалары Қазақстан рыногна ағыла бастады.

Бірақ та бұл процесс өтпелі кезеңдері азаматтардың жан-жаққа бөлініп кеткен рухани-адамгершілік құндылықтарын одан әрі ыдыратуға тікелей әсер етті.

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстандағы БАҚ-қа 128 жыл болғанын көреміз. Бұл аралықта түрлі себептерге байланысты қаншама мерзімді басылымдар, ақпарат құралдары жабылып, орнына жаңалары ашылып жұмыс істеді. Олар: «Түркістан уалаятының газеті» – (1870-1882жж.), «Дала уалаятының газеті» – (1888-1905жж.), 1911-1915 жылдары Тройцкіде шығып тұрған «Айқап» газеті, «Жас Қазақ» – (1923-1925жж.) шықты, «Егемен Қазақстан» – (1919 ж. 17-желтоқсаннан бастап), «Казакстанский Правда» – (1920 ж. 1-қаңтардан бастап), «Жұлдыз» газеті (1920 ж.) және «Простор» газеті (1933ж.) болды [2].

Алайда бүгінгі егемендік кезеңіне дейін Қазақстанның дербес, толыққанды ақпараттық кеңістігі, ақпараттық саясаты қалыптаспаған еді.

Қазақстан өркениет дамуының құрамдас бір бөлігі болса, оның саяси өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының да алар орны ерекше деп айтуға болады, және де мемлекетіміз осы жылдарда тоталитарлық жүйенің сеңін бұзып әлемдік өркениет көшіне ілесуге, ашық демократиялық саясат жүргізуге бет алып бұл бағытта үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Қоғаммен бірге бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі өзгерді. Осы тұста мына бір мәселеге көңіл аудару керек: Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі идеологиялық жүйе мен қазіргі мемлекеттік идеология арасындағы айырмашылық ерекше. Бұрынғы Негізгі заңымызда сөз, баспасөз бостандығы, пікір әр-алуандылығы қамтамасыз етіледі делінгенімен іс жүзінде ондай болмай жататын.

БАҚ-тар бір идеологияның ғана жаршысына айналып, ақпараттық дербестік мәселесі айтылмақ түгілі, ойға алынбайтын да. Осындай мәселелердің немесе олқылықтардың орнын толтыруға соңғы 5-10 жыл көлемінде нақты қадамдар жасала бастады. Ең бастысы Қазақстанда өркениет талаптарына жауап беретін заңды-құқықтық база жасалды.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы 1991-жылы 28-маусымда және 1999-жылы 23-шілдеде екі рет заң қабылданып, оның қоғамдық өміріміздегі рөлі айқындалды, және зор әлеуметтік-саяси институттардың бірі екендігі белгіленді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында: «1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. 2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар...» делінген [3].

Яғни, азаматтардың сөз, пікірін айту бостандығы Ата Заңымызда басты қағидалардың бірі ретінде айқын жазылып, мемлекет тарапынан қорғалуда. Сондай-ақ демократиялық қоғамда бір де бір идеология қаншалықты тартымды, дұрыс болып көрінсе де, мемлекеттік сипат алуға тиісті емес. Бұл тұрғыдан Ата Заңымыздың 5-бабында: «Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр алуандылық танылады» деп көрсетілген.

Сөйтіп, газет-журналдардың адам бойындағы патриоттық, отансүйгіштік, ұлтжандылық сезім қалыптастырудағы рөлі мен атқарар міндеті туралы арнайы сөз қозғаудың кезеңі келді. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев 1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптастыру мен дамуының стратегиясында»:

«Саяси демократия тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарынсыз ақылға сыйымсыз болар еді» деген болатын. «Сонымен бірге олардың объективсіздік пен теріс пиғылдылықты бүлдіруші, әрі тұрақсыздандырушы күшін сезінуі, әлеуметтік жауапкершілігі болуға тиіс.

Нақ сондықтан мемлекет құрылымдары қоғамдық пікірді зерттейді және өзінің іс-қимылын соған сәйкес түзетіп отырады», - деп сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ Қазақстанның дамуында сөз бостандығы мен ой бостандығын атап көрсетті [4].

Біздіңше терезесі тең саяси сұхбат Қазақстан қоғамын демократияландыру жолындағы саяси жүйені қайта құрып, түбегейлі реформалауға БАҚ игі ықпал етер еді.

Осыған байланысты қоғамда бспалық және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихына қысқаша тоқталсақ.

Ұзақ уақыт бойы ақпараттың негізгі қайнар көзі баспасөз-газет пен журналдар болып табылды. Олардың көпшілігі саяси партиялардың органдары ретінде пайда болды.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері БАҚ қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Ал, нақтылай айтсақ, ел егемендігімен тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе, қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше.

Осы мәселеге айрықша мән берген Елбасы Н. Ә. Назарбаев: «... біздің БАҚ-тың республика мүдделерін қорғай білу, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне бізде өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті» – деп атап айтқан болатын.

Баспасөз негізінен, адамдар бойына моральдық, адамгершілік және эстетикалық танымды қалыптастыруды басты мұрат санайды. Оның еркін сөздің әсер ету күші кез келген билік ықпалынан кем түспейді.

Сонымен қатар, баспасөз билігі жөнінде айтқанда, ең алдымен тұтас қоғам, жекелеген адамдар және журналистер мүдделерін қаншалықты қорғалып отырғандығын естен шығармауымыз керек.

Қазақстанда 1991-жылы 600-ден аса мемлекеттік басылым болса, Қазақстанда 2015 жылы 1 364 газеттер және 522 журналдар тіркелді, олардың 76 % мемлекеттік емес. Өкілетті органның сайтында жаңадан ашылған жеке меншік БАҚ-тың есебінен соңғы жылдары газет сандары үнемі өсу үстінде делінген. Бұл ақпарат ағымдағы жағдайға сәйкес келмейді.

Сонымен, еліміздің ақпарат кеңістігінің басым бөлігі мемлекеттік емес басылымдарға – 67 % (342 журналдар) тиесілі, ал мемлекеттік басылымдарға тиесілісі – 33 % (172) құрайды. Бұқаралық баспасөзге халықтың ынта ықыласы жыл сайын артып келеді, мемлекет тарапынан да айрықша көңіл бөлініп отыр.

Әйтсе де, жетістікпен қатар иықтаса жүретін келеңсіз жәйіттерді айтпасақ болмайды. Қазір газет шығаруда ілгерішіл қадамдар жасалуда. Республика бойынша да, тіпті аудан, облыстар бойынша да ондап, жүздеп газеттер шығарылуда.

Жалпы БАҚ-ның ішінде, әсіресе баспасөздің орны бөлек. Өйткені электронды ақпарат құралдарына қарағанда, баспасөздің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, радио, телеарнадағы эфирден айтылған сөз кейде сол сәттің, сол мезеттің ақпараты ретінде қалып жатады, ал газет-журналда басылған сөз мәңгілік. Оны бірнеше жылда кейін де, тіпті ғасырлар өткенде де тасқа басылған сөз ретінде пайдалануға болады.

Әрине, бұл жерде БАҚ-тың өзге де түрлерінің өзіндік орны барын жоққа шығармауымыз керек. Мысалы, радио, телевизияның жеделдігін, дыбыстық және бейнеқатарын атап айтуымыз қажет. Кешегі кеңестік кезеңде тек қана бір идеологияға бағынған баспасөз болса, бүгінде әр алуан ұстанымдағы баспасөз түрлері пайда болды. Плюрализм мықтап орнығып келеді [5].

Президентіміз Н. Ә. Назарбаев: «Баспасөз – саяси ықпал жасаудың тетігі. Оларға арқа сүйемей өз саясатынды қалай жүргізіп, реформа мәнін қалай

ұғындыруға болатынын түсінбеймін. Егер ең бұқарашыл саяси мінберден айрылсақ, жұртты өз іс-әрекетіміз туралы, аймақтардың даму перспективасы туралы, мәселені шешудегі көзқарастар туралы жағдайларды қалайша хабардар етпекпіз» – деді [6]. Және де «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде

«Саяси демократия тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарынсыз ақылға сыйымсыз болар еді. Сонымен бірге, олардың объективсіздік пен теріс пиғылдылықтың бүлдіруші әрі тұрақсыздандырушы күшін сезінуі, әлеуметтік жауапкершілігі болуы тиіс.

Нақ сондықтан оларға бағдар ұстана отырып, мемлекеттік үкімет құрылымдары қоғамдық пікірді зерттейді және өзінің іс-қимылын соған сәйкес түзетіп отырады» – деп демократиялық қоғамдағы тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар қызметіне жоғары баға берді [7].

Расында да кез-келген мәселеде баспасөздің араласпайтын жері жоқ. Саясат, экономика, мәдениет, әлеуметтік салалардың бәрін қамтитын осы – баспасөз. Және де оған жәйдан-жәй ғана емес, ұсыныстармен, пікірлермен, қажет болса сын арқылы ой тастайды, қозғау салады.

Мұндай да министрлер мен әкімдерге сөз арнап жағдайларды жақсартуға күш салады. Халықтың сөзін сөйлейді, мұң-мұқтажын мәселе етіп көрсетеді.

«...Баспасөз сондай-ақ өзі жариялаған сын материалдарға мемлекеттік органдардан жауап күтеді. Кейбір бюрократтыққа салынған басшыларға баспасөз материалдарының әсері күшті.

Ал оның өзі, қрағамды жақсартуға әрі дамытуға оң ықпал етері анық. Осындай жағдайларды көріп-біліп отырған халық баспасөзді өзіне рухани азық ретінде, қызыға оқиды.

Қазіргі таңда Республика БАҚ жоғарыдағы өзекті мәселелер төңірегінде байсалды ой қозғауға бағытталған. Басылымдарға халық мүддесін көздеген материалдар бұрынғы қай кездегіден болсын, сапалылығымен назар аудартады. Солай десек те, бүгінгі қиын кезеңде қазақ журналистикасының ішкі проблемалары қатты алаңдатып отыр.

БАҚ, оның ішінде баспасөз ең алдымен қаржылық тоқырауды бастан кешіріп отыр. Бүгінгі таңда нарықтық экономиканың от-жалыны газет-журналдарды шарпып барады. Қазақ газеттерінің қаржылық тапшылықтарының негізгі себептерінің бірі олардың оқырмандарын негізінен алғанда ауылдақ жерлерде тұрады.

Ауылдардағы дәл қазіргі экономикалық және әлеуметтік ауыр жағдай, мемлекет тарапынан рухани құндылықтарды байытуға деген енжарлық халықтың басылымдарға ынта-ықыласын төмендетіп отыр. Қоғамда тез баю мен тез кедейлену процесі жүріліп жатыр.

Оның себебі – негізгі өндіріс орындарының мүлдем тоқтап, жұмыс істемеуінен немесе жартыкеш күй кешуінен. Жұмыссыз қалған халықтың негізгі бөлігі сауда-саттықты күн көрістің тірегіне айналдырып, амалсыздан рухани жұтандыққа ұшырауда. Екінші жағынан, қазіргі нарық жағдайында басылымдар құнының тым қымбаттап кеткені де құпия емес.

Күнделікті нанын әрен ажыратып отырған халықты басылымдардың қызықтырмайтыны өзінен-өзі түсінікті.

Еркін баспасөз – біздің мемлекетіміздің демократиялық бағыттан айнымайтындығының басты кепілі. Бүгінгі ақпарат жүйесінде мемлекеттік, мемлекеттік емес, тәуелді, тәуелсіз БАҚ деген ұғымдар айналымда жүр. Бұлардың мемлекетке тәуелдісіне қарағанда, тәуелсіз қызықтырақ, ықпалдырақ, әсерлірек болып тұр. Өйткені, біріншісінде ресми материалдар, хабарлар тоғытылып жатады, күн көруі үшін жарнама қуалайды, оқырман, аудитория үшін күреседі, дау-дамайға араласып, төрелік айтуға мәжбүр.

Осыдан олардың алдырушылары, оқырмандары азаяды, іскер қызметкерлерінің саны кемиді. Олардың бірсыпырасы материалдық жағынан тиімді жерге ауысып кетті. Яғни, мемлекеттік БАҚ-да істеу құны, беделі төмендеді. Ал тәуелсіз, мемлекеттік емес баспасөз олардың еңбегін басқаша бағалайды, шығармашылық еркіндікті мол береді. Осымен олар іскер журналистерді өзіне көп тартады. Біздің ойымызша, тәуелді БАҚ-ға қамқорлық керек.

Қалың бұқара санасына өктемдік жасаудың құдіретті тетіктері болып табылатын БАҚ-пен өнер атаулының өзара байланысы белгілі бір әлеуметтік мақсаттарға бағындырылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әлеуметтік негіздері кейінгі кездері елеулі өзгерістерге ұшырауда.

Жаңа меншік иелерінің, әлеуметтік жіктердің, оппозициялық топтар мен партиялардың және қозғалыстардың пайда болуы, олардың өз мақсат-мүдделері мен көзқарастарын білдіріп, баспасөз арқылы таратып отыруына мүмкіндік туды. Халық белгілі бір дәрежеде баспасөз арқылы өкіметті өз пікірін тыңдауға мойын ұсындырып, өкетке ықпал ете бастады.

Билік пен халықтың баспасөз арқылы мұндай қарым-қатынасы мемлекетті демократиялық негізде өркендетуге тән құбылыс.

Алайда мемлекет басындағы кейбір қайраткерлердің баспасөздегі сыннан масаның ызыңындай мезі болып, оны кейде қасақана елемеуге тырысқаны жасырын емес.

Әсіресе өткір сынға толы материалдарға теріс көзқарас қалыптасты. Сыбайлас жемқорлыққа құшақ жайып, тасадан тас ату елді тітіреткен тұста, мылтықтың күшімен кек қайтарып, күш құйлымы министрлерінің

машиналарын айдап кетіп, көлеңкелі экономика, рәкет, есірткі бизнесі етек алған тұста сауал мен қатар қатал күрес шараларын қолға алып, заңды жедел қайта қабылдау қажет болды.

Сол кезде бұқаралық ақпарат құралдары еске түсіп, газеттерде сын мақалаларды аз жариялады, эфирден көлеңкелі көріністерді азырақ беріп, жеңістер мен жемістерге көбірек көңіл беру талап етілді. Бірақ бостандықтың дәмін татып алған тәуелсіз баспасөз бұл қасандықпен келіскісі келген жоқ. Сол сәтте жоғары лауазым иелері жалпы баспасөзді жүгендеп, тізгіндеп ұстау мәселесін күн тәртібіне қойды [8].

Бұл пиғыл баспасөз жөніндегі жаңа заңның алғашқы бабында шаң беріп бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары материалдарды жинап, әзірлейтін және газеттер мен журналдарды радио мен теледидар бағдарламаларын жарыққа шығаратын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылады деп атап көрсетті. Сөйтіп, осы қағиды арқылы редакциялар заңдық мәртебесінен ада болды.

Бұл бірақ жағдайда дербестіктен айрылу деген сөз еді. Барлығы да баяғы қатаң тәртіп партиялық кезіне қайта оралғандай болды. Енді үкімет бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа ықпал жасап, өз саясатын жүргізгісі келді. Мұның өзі мемлекетті басқарудың айбарлы тәселдеріне қайта оралып, демократиядан недәуір ауытқуды аңғартады.

Дегенмен, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның қоғамымызды демократияландырып, одан әрі реформалау жолындағы ілгері басқан ірі қадам екенін атап айту керек. Бұл құжатта ақпарат құралдарымен қарым қатынастың дамыған демократиялық елдердің көбінде пайдаланылып жүрген тәжірибесі жинақталған.

Халықаралық сарапшылардың бағасына карағанда, ол ТМД елдерінде Ресейден кейінгі екінші демократиялық заң. Ол баспасөздің мемлекет органдарымен қатынасын сапалы жаңа деңгейге көтеріп, Қазақстанның дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне белсене кіруіне жағдай жасады. Заң ең алдымен баспасөз қызметкерлерінің өзіне керек. Ол журналистерге құқық беріп қана қоймай, оның міндеттерін де айқындап отыр. Редакция қызметкері жергілікті жерге келгенде өзінің не қызмет атқарып, қандай ақпарат алуын жақсы біледі. Алайда оның құқығы жүзеге асуына біреулер мұрындақ болуы керек.

Бір өкініштісі - журналистердің хабар жинап, тарату құқығын жүзеге асыруының тетігі әлі айқындалмаған. Баспасөз қызметкері мағлұмат алу үшін келетін мекемелердің басшылары мен мамандары бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды біле бермейді.

Жалпы республика заңдарының өзінде біріне-бірі үйлеспейтін қарама-қайшы тұстар кездесіп қалады. Мұндайда кейін шыққан бұқаралық ақпарат

құралдары туралы заңды басшылыққа алған абзал болар еді. Алайда әрбір мекеме өз саласының заңын артық санайды.

Сондықтан тілшілерге өздеріне көрсету қажет деп тапса, сол жөніндегі материалдары ғана береді. Одан артық дерек беріп қойған қызметкерді басшылар қатаң тәртіпке шақырып, жаза беріліп те жатады. Соның салдарынан көптеген баспасөз қызметкерлері жұртқа өз сөзін айта алмайды.

Негізінен, баспасөз беттерінде Конституцияны бұзуға, нәсілдік-ұлттық кемітушілікті насихаттауға, елдің территориясы мен егемендігіне қол сұғушылыққа тиым салынады. Осындай негізгі принциптерден басқа мемлекет БАҚ қызметіне араласуды қажет деп таппайды. Ал өзінің ақпараттық саясатын жүргізу үшін белгілі бір басылымдар телерадио компанияларының қызметін пайдаланады.

Дегенмен де, баспасөздің қоғамымыздағы алатын орнына жоғары баға берген ҚР Президенті Н. Назарбаев: «Қалыптасқан қоғамдық экономикалық-саяси жағдайға оқырманның сипаты мен тілегіне орай баспасөз қазір ағартушылық-танымдық, қазақстандық патриотизмді қалыптастыратын сипатқа ие болды. Себебі, біз жаңа мемлекет құру үстіндеміз.

Демек, осындай сын кезінде баспасөз халықты біріктіруші қоғамды алға жылжытатын саяси ойдың алдыңғы қатарда болуын қамтамасыз етуге тиіс. Сондықтан, мемлекетті қалыптастырушы күш ретінде танымдық, терең ойлы баспасөзге арқа сүйеместен өз саясатыңды қалай жүргізіп, реформа мәнін қалай ұғындыруға болатынын түсінбеймін»-деп атап көрсетті [9].

Қазіргі таңда Республикалық қоғамдық-саяси басылымдар «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ана тілі», «Түркістан» газеттері, «Ақиқат», «Саясат», «Мысль» журналдары көбінесе мемлекетіміздің қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерге көбірек назар аударса, «Жұлдыз», «Парасат» журналдары мен «Қазақ әдебиеті» газеттері мәдениет, өнер, әдебиет салаларын кеңінен қамтиды. Соңғы жылдары халқымыздың ислам дініне қарай бет бұруының өсуіне байланысты діни басылымдар да көбейіп келеді.

Яғни, «Шапағат нұр», «Ислам әлемі», «Алдаспан», «Ясауи» журналдары мен «Имандылық», «Заман және иман», «Әл-хабар», «Ислам және өркениет» газеттерінің басты мақсаты, халық арасында ислам дінін уағыздау, насихаттау, дініміздің жөн-жораларын халыққа түсіндіру болып табылады.

Сонымен қатар қазақ тіліндегі газет-журналдар шет мемлекеттерде де жарық көруде. Қазақтардың ең көп тұратын жері Қытайда 6-дан астам газет, 8-ден аса журнал шығады.

Монғолияда қазақ тілінде «Жаңа өмір» газеті мен «Шұғыла» журналы жарық көрсе, Өзбекстанда «Достық туы» газеті жарыққа шығуда.

Еліміздегі сөз бостандығының арқасында 90-жылдардан бастап ана тіліміздегі тәуелсіз басылымдар жарық көре бастады.

Алғашқы тәуелсіз газеттерге «Азат», «Желтоқсан» жатады. Одақтың шаңырағы шайқалып, тәуелсіздік алуға мүмкіндік туғалы тұрған шақта, бұл газеттердің басты тақырыптары Қазақстанның тәуелсіздігін насихаттау болатын.

1952-жылы саясатта «Телевидение – ғасырдың бастамасы» деп саналады. Дегенмен, телевидение үшін оның пайда болуымен саясаттың маңызды құралына айналуына дейін аз ғана уақыт өтті. Ол тез дамып, тез тарала бастады.

70-80 жылдары телевидение БАҚ ең үстемдік етушісі болып саналады. Бұған АҚШ-ғы Дж. Кеннеди мен Р. Никсон арасындағы телевизиондық дебат мысал бола алады. Э. Роупер сайлаушылар арасында сауалнама жүргізгеннен кейін, осы теледебаттар Кеннедидің жеңісіне ықпал етті деген қорытындыға келді, 1980-жылы теледебаттар Р. Рейганның Дж. Картерді 5пайызға озып шығуға мүмкіндік берген.

Сонымен қатар теледебаттар Р. Рейган мен У. Мондейл, 1988 ж. Дж. Буш пен М. Дукакис арасындағы, 1992 ж. Дж. Буш пен Б. Клинтон арасындағы теледебаттар да аз рөл ойнаған жоқ. Кейіннен теледебаттар сайлау науқанында негізгі құрал ретінде дами түсті.

Соңғы жылдары республиканың ақпараттық кеңістігінің қалыптасуында теледидардың рөлі мен маңызы артып отыр. Статистикалық деректерге жүгінсек, адам күніне кем дегенде 2-3 сағат теледидар көреді екен. Яғни бұл уақыт қоғам мүшесінің ой-санасы мен саяси-әлеуметтік көзқарастарына елеулі ықпал етуге жетіп отыр деуге болады.

2004 жылдың сәуір айында болған Еуразиялық медиа форум республика тұрғындары арасында жүргізілген сауалнаманы шолып өтелік. Сауалнама бойынша сұралғандардың 57 пайызы БАҚ-тың міндеті халықты болып жатқан оқиғалармен хабардар етіп отыру деп санайды. 20 пайызы жаңалықтармен таныстырудан басқа, оны бағалау мен сараптауды да БАҚ міндетіне жүктейді. Ал 15 пайызы БАҚ-тың негізгі міндеті – жалпы адамзаттық құндылықтарды насихаттауға атсалысу деп біледі.

Жауап бергендердің 82 пайызы БАҚ-тың жан-жақтылығын бағалайды. Және газет бетіндегі мақала немесе телесюжет дау-дамайлық әрекеттерге итермелеуі мүмкін десе, 15 пайызы бұған қарама - қарсы пікір айтады. 3 пайызы жауап беруді қиынсынады. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (74 пайызы) экстремизм мен нәсілшілдікке бөлінудің насихатталуын қаламайды. 16-29 жас аралығындағылардың 37 пайызы, 50-59 жас аралығындағылардың 8 пайызы журналисттер зорлық-зомбылыққа жауапты

болмауы керек дейді. Он жылдық білімі бар 57 пайыз, жоғары білімді 16 пайыз сұралғандар да осы пікірді қолдайды.

1994 жылы БҰҰ мынадай мәселе қарады. Болашақ жас ұрпақтың тәрбиесі үшін зорлық-зомбылық, қантөгіс, нашакорлық, порнографиялық жайларды насихаттайтын фильмдерден тыйм салу жөнінде шешім қабылдады. Міне, осы мәселе Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарына да сабақ болуы тиіс.

Ақпараттың қауіпсіздігіне немқұрайды қараудың қаншалықты залал әкеліп жатқанын философ ғалым Амангелді Айталының мына бір деректерінен аңғаруға болады: «... әлеуметтік зерттеу нәтижесінде ресейлік РТР арнасы көрсеткен 100 фильмнің 10-ы, ОРТ арнасы көрсеткен 100 фильмнің 13-і, ал НТВ арнасының 100 фильмнің 30-ы зорлық-зомбылықты насихаттайтыны анықталған. НТВ арнасынан қазір ресейліктер өздері шошып отыр.

Ендеше, неге біз оның жастарды зорлыққа тәрбиелейтін хабарларын өзімізде көрсетуіміз керек. Ақпараттық қауіпсіздікті сақтау үшін оны ұлттық, мәдени кеңістікке айналдыру керек. «Мәдени империализм» дегенге жол бермеу керек.

Осы ретте мынандай жайды айта кеткен жөн. Францияда алғаш коммерциялық телевидение ашылады деген кезде президент Жорж Помпиду: «Бізде коммерциялық телевидение ашу – болашақ ұрпақтарымызды рухани азғындау болмақ», – деген екен. Ал, Германия канцлері Г. Шмидт болса: «Германияда коммерциялық телевидениеге рұқсат беру – елімізде атом бомбасын жару деген сөз»-деп шошыған.

Міне, жер жүзіндегі ірі екі елдің басшылары жайдан-дай осылай деген болар. Біз капиталистік ел деп атаған мемлекеттің басшылары неге қатты қорқады? Өйткені олар келешек ұрпақтары үшін алаңдайды.

Қоғамның ішкі саяси тұрақтылығын сақтау аса маңызды проблема. Ал, оған төнетін қауіп-қатер сыртқы ақпараттың ықпалынан болатыны белгілі. Яғни, олардың сипаты қандай дегенде, мынандай мәселелерді атап көрсету керек:

Біріншіден, шетел ақпарат құралдарының республика азаматтарының ой-санасына «кедергісіз» әсер етуі;

Екіншіден, қоғамдағы болып жатқан түбегейлі өзгерістердің, реформалық жаңарулардың бұрмаланып көрсетілуі. Бұл туралы теріс ақпарат таратылуы. Яғни, халықтың қоғамдық санасының жеткіліксіз болуы;

Үшіншіден, жекелеген ақпарат құралдары тарапынан қоғамда болып жататын әлеуметтік, саяси мәні зор мәселелерге байланысты саяси билік, оппозиция, саяси партиялар арасында тартыстардың демократиялық принциптер тұрғысынан дұрыс бағаланбауы;

Төртіншіден, билік басындағылардың жекелеген үйлесімсіздіктер туралы әділ сарапталмай, теріс түсінікпен ақпарат таратылуы;

Бесіншіден, елдің біртұтас ақпарат кеңістігінің бұзылуы.

Қазақстан телевидениесінен «Хабар», «Қазақстан» телеарналары ірі телеарна болып саналады. Олар саясат пен соңғы жедел жаңалықтарды беріп тұрады.

Ал, коммерциялық каналдар: «КТК», «Оң-ТВ», «31-арна», «НТК». Бұл арналардың ішінен «КТК», «31-канал» арналары аздап болса да саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты хабарларды береді. Дегенмен де 100 пайыздың 30-40 пайызы ғана хабарларға арналған десекте болады.

Алайда, Қазақстан Конституциясы мен «Баспасөз және басқа ақпарат құралдары туралы» заңда да осындай жоғарыда айтылған мазмұндағы тұжырымдар бар екенін ескеру керек және же осы заңды, адамның адамгершілігін құрметтуін ұмытпасақ болғаны.

XIX ғасырдың аяғында радионың ойлап табылуы, ақпаратты тарату механизмін біржолата өзгертті, енді хабарлар мемлекеттік шекарадан өтіп, ешбір тұлғасыз алыс жерлерге де тарала бастады. II-дүниежүзілік соғыстың кезінде радио қоғамды саяси мобилендіру мен үгіт-насихаттың маңызды және басты құралы болып табылды.

Содан бері ақпарат тарапынан бұқаралық құралдардың ішінде мүмкіндігі мол арнаның бірі – радио. Ақпарат кеңістігінде оперативтілігімен, шынайылығымен және өміршең өткірлігімен айрықша мәнге ие болған БАҚ-тың ең тиімдісі, әрі қолайлысы осы радио. Ол кең аудиториясымен әрбір отбасына, әрбір жеке адамға әсер ету қуатымен ерекшелінеді. Радио басқа ақпарат құралдарының өзінің демократиялылығымен және жеделдігімен оқшауланады. Кез-келген ақпарат, жаңалықтар, күнделікті оқиғалар тізбегі, ең алдымен, әуе толқыны арқылы тарап жатады.

Егемендік жылдарда Қазақстанда электронды ақпарат құралдарының, соның ішінде радиоарналардың саны күрт өсті. 1996-жылдың аяғында 30 радиостанция жұмыс істеген еді. Халықаралық Интернет агенттігінің дерктеріне қарағанда радиожілікті пайдалану құқығы үшін тендерден өтіп, ақы төлеу тәртібі енгізілгеннен кейін олардың қатары біраз азайды, 1999-жылы 20-дан аса болды.

Бірақ олардың көпшілігі музыкалық форматтағы радиобағдарларын тарату станциясы болып табылды. Солардың қатарында, Радио Алматы, Шаһар, Авторадио, NS, 31-радиосы, Ретро, Радио City, ресейлік арналардың өкілдіктері: Орыс радиосы, Европа плюс Қазақстан, Хит-FM радиостанциялары республика аумағын кең қамтыған.

Дегенмен де дәл қазіргі таңда жоғарыда аталған радиоарналар өз кезегінде де мемлекеттік жағдайларға байланысты саяси-әлеуметтік жаңалықтарды орыс тілінде халық назарына ұсынып отыр. Қазақ тіліндегі,

яғни мемлекеттік тілдегі хабарлар 10-15 пайыздан аспайды. Бірақ та нарық талабына сай коммерциялық радионың жұмыс істеуіне де ешкім қарсы емес.

Ал, Қазақ радиосы республикадағы бірден-бір аумағы кең және ақпараттық форматтағы радиоарна болып табылады. Негізінен, бұл радио ақпарат құралдарының ішінде ерекше мәнге ие болып отыр. Ол біріншіден, бірден-бір мемлекеттік арна болып саналады, яғни басты мақсаты ақпараттық саладағы мемлекеттік ұстанымды тарату, насихаттау болып табылады. Радионың ғасырға тән уақытын мемлекетіміздің, халқымыздың болмысынан бөліп қарау еш мүмкін емес [10].

Өзінің ақпарат құралы ретіндегі бастау жолында алғаш қазақша хабар таратқан күнінен бері, осынау радио жылдар өте келе, бар күш-қуатын жинап, тәжірибесін арттырып, республика тыныс-тіршілігінің нағыз үніне айналды. Сөйтіп ақпарат қабылдайтын, өңдейтін, тарататын айтулы ұйым болды. Халық жүріп өткен кезеңдердің шежіресін үзбей баяндап отырды. Хабарларда еліміздің әр кездегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі жан-жақты қамтылып отырды. Соған орай хабар ұйымдастырудың құрылымдық жүйесі қалыптасты. Қазақстанда басқа радиостанса болмай тұрған заманда, сөйтіп Қазақ радиосы өзінің көшбасшылық сипатын қалыптастырады. Радиожанырлар мен пішіндер шығармашылық тұрғыда одан әрі дамытылып, соны публистикалық әдіс-тәсілдерге бастады. Ізденістер аясы кеңейіп, қызықты да мазмұнды аналитикалық хабарлар туындады [43].

Соңғы кезде Қазақ радиосының хабарларында Батыс «мәдениетінен» келетін проблемалар үнемі алға тартылып, дабыл қағып келеді. Ғаламдану процесінде ұлттық ерекшелікті жоғалтып алмау мәселесі хабарларда тілге тиек етіледі. Әлемдік өркениеттен қалмай, бірақ өз болмысымызды жоғалтпай өмір сүру – дәл бүгінгі өзекті жәйіт болып отырғаны бәрімізге де айдан анық болып отыр. Біздің тәуелсіздігіміздің басты бір белгісі де осы болса керек. Қазір алыс-жақын шетелге хабарлар таратылады. «Шалқар» бағдарламасы қайта ашылды.

Қоғамдық құрылыстағы жаңа өзгерістер – алға басудың кепілі. Бұл екі ғасыр туындатқан ахуал. Мұнан Қазақ радиосы шет қалып отырған жоқ. XXI-ғасырға радио өзіндік ізденіс пен даму үстінде еніп отыр [11].

Негізінен Қазақ радиосының жедел ақпарат орталығына күніне 200-ден аса әртүрлі электронды хаттар келіп түседі екен. Оның ішінде жаздыру жолымен алатын Қазақ ақпарат агенттігі «Интерфакс Қазақстан», «Kazakhstan Today» ақпараттық агенттіктерінің, бірқатар министрліктер мен ведомстволардың баспасөз қызметінің хаттары бар. Сол сияқты Интернет арқылы күнделікті жаңалықтарға талдау жасау жүзеге асырылады. Соның

қатарында, Си-Эн-Эн, Би-Би-Си, Ресей ақпарат агенттігі, ИТАР-ТАСС және т.б. бар. Жалпы ұлттық ақпаратты кеңістік бүгінде Алматы мен Астанадан қалыптасуда. Оның негізгі өлшемдеріне ең алдымен күнделікті «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Жас Алаш», «Экспресс-К», «Заң газеті», «Время» және апталық «Новое поколение», «Деловая неделя», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ елі», «Түркістан», «Караван» жатады. Журналдарға, жалпы республикалық мағынасы барлар - «Континент», «Простор», «Ақиқат», «Мысль», «Жалын», «Жұлдыз» ал, электронды БАҚ-на «Қазақстан», «Хабар», «КТК», «НТК», «Еврапа плюс Казахстан», «NS» жатады.

Қазақстан өркениет дамуының құрамдас бір бөлігі болса, оның саяси өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының да алар орны ерекше деп айтуға болады, және де мемлекетіміз осы жылдарда тоталитарлық жүйенің сеңін бұзып әлемдік өркениет көшіне ілесуге, ашық демократиялық саясат жүргізуге бет алып бұл бағытта үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Қоғаммен бірге бұқаралық ақпарат құралдары да түбегейлі өзгерді. Осы тұста мына бір мәселеге көңіл аудару керек: Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағанға дейінгі идеологиялық жүйе мен қазіргі мемлекеттік идеология арасындағы айырмашылық ерекше. Бұрынғы Негізгі заңымызда сөз, баспасөз бостандығы, пікір әр-алуандылығы қамтамасыз етіледі делінгенімен іс жүзінде ондай болмай жататын [3].

